

УНИВЕРСИТЕТ ТЫҢЫСЫ



№2 (342)

30 НАУРЫЗ 2026 ЖЫЛ

Газет 1996 жылдан бастап шығады

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

«ДУЛАТИ АРУЫ – 2026»
СҰЛУЛЫҚ БАЙҚАУЫ ӨТТІ



2

**ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ
ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ОҚЫТУ
БАҒДАРЛАМАСЫ ӨТУДЕ**



3

**ЖАСТАР
ТӘРБИЕСІ – БАСТЫ
НАЗАРДА**



3

**ЕКІ ЖАҚТЫ
МЕМОРАНДУМҒА
ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ**



4

**ҚОШ КЕЛДІҢ,
ӘЗ - НАУРЫЗ**



6

**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ
МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ
ФИЗИКА МАМАНДЫҚТАРЫН
ОҚЫТУДАҒЫ РӨЛІ МЕН
МҮМКІНДІКТЕРІ**



7

**ДУЛАТИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
МАМАНДАРЫ ҚАЗАҚСТАН
ЧЕМПИОНАТЫНДА ТОП
ЖАРДЫ**



8

ҚҰТТЫҚТАУ

**М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ
ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-
РЕКТОР
ЛӘЗЗАТ ЕРКІНБАЕВАНЫҢ
8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ӘЙЕЛДЕР КҮНІ МЕРЕКЕСІМЕН
ҚҰТТЫҚТАУЫ**



**Құрметті әріптестер!
Қадірменді ханымдар мен аяулы
арулар!**

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл сұлулық пен мейірімділіктің символына айналған шуақты мереке.

Бұл мерекенің қашан да орны ерекше, мәні бөлек. Өйткені, жер бетіндегі жақсылық, ізгілік пен ұлылық атауының бәрі де ананың ақ сүті мен ақ ниетінен тарайды. Өмірдегі барлық құт-береке ана жүрегінен бастау алады.

Халқымыз ежелден анасын ардақтап, қыздарын қадірлей білген. Көптеген аруларымыздың есімі тарихымызда алтын әріптермен жазылған.

Әйел – біріншіден ана, әйел – отбасының шуағы, қоғамның қуанышы, тәрбиенің қайнар бұлағы.

Ана – қолындағы сәбімен сұлу, алдындағы бесігімен әсем бола білген аяулы жан.

Ана – арқашанда ұлттың ұйытқысы, шаңырақтың киесі, ауызбірліктің данекері, татулықтың тірегі бола білген жан.

Сәбін көрік, еңбегін серік еткен ардақты аналар ортамызда көптеп жүр. Еңбегімен сыйлы, парасатты мінезімен қоғамда құрметті болған аналарымыз да аз емес.

Біздің университетіміздің де қыз-келіншектері қашан да еселі еңбектің алдығы қатарынан көрініп, ел құрметіне бөленіп келеді.

Бүгінде университетіміздің жетістіктері мен абырой-беделінің артуында Сіз-

дердің еңбектеріңіз ерекше.

Сіздердің жан жылуларыңыз бен қамқорлықтарыңыз, жауапкершіліктеріңіз бен табандылықтарыңыз университетіміздің тұрақты дамуына, жас ұрпақтың сапалы білім мен тағылымды тәрбие алуына зор үлес қосып келеді.

Сіздер ғылым мен білімде, басқару мен қоғамдық жұмыста, шығармашылық пен тәрбие саласында табанды еңбек етіп, кәсібилік пен жаңашылдықтың үлгісін көрсетіп келесіздер. Сіздердің табыстарыңыз – оқу орнымыздың мақтанышы.

Қадірлі арулар!
Быылғы Аналар мерекесі иман нұры мен мейірім ізгілігі мол, қасиетті Ораза айымен қатар келіп отыр.

Әлем назарын өзіне бұрған осы әдемі мерекенің қыстың көбесі сөгіліп, тіршілік атаулы жанданатын табиғаттың аяулы кезінде келуі кездейсоқтық емес.

Өйткені, Сіздер өмірді сұлулыққа толтырасыздар және қоршаған қоғамды жылылыққа бөлейсіздер. Сондықтан да Аналар мерекесі – өмірдегі ең мерейлі мерекелердің бірегейі.

Баршаңызды көктемнің алғашқы қарлығашындай болып келетін осынау мерекемен тағы да құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, бақ - береке тілеймін!

Ана қуанышы, әйел қуанышы – үйдің, отбасының Отанның мерейі.

Көңілдеріңіз шат, мерейлеріңіз үстем болсын!
Мереке құтты болсын!

**М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ
ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-
РЕКТОР
ЛӘЗЗАТ ЕРКІНБАЕВАНЫҢ
ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ -
22 НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІМЕН
ҚҰТТЫҚТАУЫ**

**Құрметті әріптестер!
Қадірменді оқытушылар мен білімгер
жастар!**

Сіздерді 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – Жаңа күн – Жыл басы!

Наурыз – халқымыздың ежелгі әдет-ғұрпын жаңғыртып, төл мәдениетіміздің ажырамас бөлігіне айналған бірегей мереке.

Наурыз – ғасырлар қойнауынан жеткен ұлы жаңғырық. Бабалар үнін асқақтатып, оймен оралып, қанға сіңген қасиетті дәстүр.

Халқымыз қашанда жыл басын ізгі ниетпен, үкілі үмітпен, ақ жарма тірлікпен қарсы алады.

Табиғат – ананың түрленіп, күн мен түн теңесіп, халқымыздың алдағы күндерден зор үміт күтер сәті – осы Наурыз мейрамы.

Біз үшін сан жылдар бойы сабақтастығын үзбеген Әз-Наурыз мерекесінің орны бөлек.

2024 жылдан бастап Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен Наурыз мерекесін жаңа сипатта, ерекше атап өтудің онкүндігі жарияланған. 14 наурыз – Көрісу күнінен бастау алған Наурыз мерекесіне біздің университетіміз де ат салысты. Онкүндік аясында ұлттық құндылықтарымыз бен дәстүрлеріміз, ұлттық болмысымыз дәріптелді.

Наурыз – жыл басы ғана емес, бұл ең алдымен ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Бұл күні «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!» деп бір-бірімізге айшықты тілек айтамыз. Ұлыстың ұлы күнінде адамдар бір-біріне деген өкпе-ренішін ұмытып, кешірімге келіп, татуласқан. Мол дастархан басында ақжарқын көңілмен жүздесіп, наурыз көжеден дәм татқан. Абыз ақсақалдардан бата алған.

Ең бастысы, бұл күн адамзатты инабаттылыққа, адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке баулыған.

Наурыз – ынтымақ пен бірліктің тойы.

Наурыз мейрамын университет ұжымы мен білімгер жастар жарқын көңіл, жақсы пейілмен қарсы алып отыр. Біз 15 наурыз күні өткен бүкілхалықтық референдумға бір кісідей қатысып, еліміздің болашағы үшін дауыс бердік. Жаңа Ата Заң қабылданды.

Ынтымағы мен бірлігі жарасқан профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер оқу орнының тұрақты дамуына, жас ұрпақтың сапалы білім мен тағылымды тәрбие алуына зор үлес қосып келеді.

Қадірлі көпшілік!
Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен тағы да құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге табыстар тілеймін.

Қызыр Ата әрбір үйге шаттық сыйлап, қуаныш пен бақыт, құт-береке әкелсін!

Наурыз мерекесі ізгілікті бастауы болып, ел ырысы көбейе берсін!
Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!
Мереке құтты болсын!

8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

ӘЙЕЛМЕН ӘЛЕМ ӘДЕМІ



**Көктемнің алғашқы қарлығашындай болып келетін
8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесінің өзге
мерекелерден орны бөлек екені шынайы шындық. Онда
аналардың шуақты жан дүниесі мен кең көңіл иірімі, ізгі
махаббаты мен нұрлы шапағаты жатыр.**

Әлем назарын өзіне бұрған осы әдемі мереке қыстың күбісі сөгіліп, тіршілік атаулы жанданған табиғаттың аяулы кезінде келеді. Бұл кездейсоқтық емес. Өйткені, аналар өмірді сұлулыққа толтырып, қоршаған қоғамды жылылыққа бөлейді. Бар жылуын бала тәрбиесіне арнайтын да, отбасылық дәстүрді сақтайтын да осы аналарымыз, әйел-азаматшалар.

Дана халқымыз қашанда анасын ардақтап, аруларын сыйлай білген. «Дүниеді үш нұр бар: біріншісі – күннің нұры,

екіншісі – ақылдың нұры, үшіншісі – ананың нұры» немесе «Ананың алдында асқар тау да аласа» - деп дана халқымыз тауып айтқандай, қоғамдағы ізгілік атаулының ұйытқысы да, құт-берекенің бастауы да осы ғазиз жүректі Аналардан бастау алары ақиқат. Себебі, Ана – әрбір адам үшін ең аяулы, ең ардақты жан.

«Шын мәнінде, әрбір адам үшін анадан ұлы, анадан қымбат ешкім жоқ. Ең қастерлі құндылықтарымыз «Жер-ана», «Отан-ана» ұғымдарымен тығыз байланысты. «Ата ұлды, ана ұлтты тәр-



биелейді» дейді. Бұл сөзін айрықша маңаңызы бар» - деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап көрсеткендей, дүниде анадан қымбат, анадан асыл жан жоқ.

Сондықтан да, Аналар мерекесі – үлкен қуанышпен қарсы алатын жасампаз мереке болып қала берері сөзсіз.

Болашағын ойлаған ел, ең алдымен әйел-аналарға құрмет көрсетеді.

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде «Әйелмен әлем әдемі!» атты салтанатты мерекелік кеш өтті.

Мерекелік жиынды Басқарма Төрағасы – Ректор Ләззат Еркінбаева құттықтау сөзбен ашып, жылы лебізін жеткізді. Жер-дүниені шуағына бөлеп, тыныс-тіршілігімізге нәр берген аруларды

көктемнің шұғылалы мерекесімен құттықтап, нәзік жандылардың қоғамдағы маңызды рөлін атап өтті.

Мейірімділік пен сұлулық, даналық пен рухани қуаттылық салтанат құрған кеште жарқын қойылымдар мен жүрекке жылы құттықтаулар ұсынылып, әуезді әндер мен билер орындалды. Құттықтау сөздер айтылып, әйелдерге деген құрмет көрсетілді.

Мерекелік шара мағыналы әрі мазмұнды, шабыт пен сезімге толы концертпен өрнектелді.

Ана махаббаты адамға қанат бітіреді, күш береді, рухтандырады. Ана барда әлем мейірім мен тәрбиеге толы.

Қазақта ана – асыл адамға, отбасының ұйытқысына айналып, ананы ұлықтаудың озық үлгісі қалыптасып, мәңгілікке жалғаса берері сөзсіз.

БАЙҚАУ

«ДУЛАТИ АРУЫ - 2026»
СҰЛУЛЫҚ БАЙҚАУЫ ӨТТІ

«Гүл өссе - жердің көркі, Қыз өссе - елдің көркі» - дегендей ежелден ата - бабаларымыз қыздарды әрқашан да гүлге теңеген. Табиғатта ең сұлу өсімдік гүл болса, әлемнің сұлуы - қыз.



Қызға тән қылығымен жанды баурап алатын қыздар өмірге ерекше нәр берген. Табиғатпен бірге түрленіп, ары мен ажарын берік ұстаған.

Қыздарымызға тән нәзіктік, сұлулық, ұяңдық, ибалылық, сыпайылық, әдемілік, іскерлік, шеберлік, рухани байлық, ақ ниет, сүйіспеншілік, намысы, қайрат жігері, бәрінен де ар тазалығы тән. Осындай қасиеттерімен де қазақ қыздары зор тағылым иесі.

Жақында М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде «Дулати аруы - 2026» сұлулық байқауы болып өтті. Байқауға университет факультеттерінен 10 үміткер қатысты.

Байқаудың ашылу салтанатына арнайы қатысқан М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма Төрағасы - Ректор Ләззат Еркінбаева құттықтау сөз сөйлеп, жақы лебізін білдірді.

- «Бұл байқау университетіміздің арулары арасында дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіліп келеді. Қазақ халқы жалпы қыз баланы жақсы сыйлаған. Кішкентайынан төрге шығарып отырған, оның болашақтағы Ел анасы боларына кәміл сенген. Қыз бала даланың ерке елігіндей булаңдап өскен. Елдің абыройы мен намысының жоғары болуы үшін қыздарға инатты болу, ұлттық құндылықтарды бойына сіңдіру айнымас қағидаға айналған. Біз қыз баланы тәрбиелей отырып, ұлтымызды тәрбиелейміз. Сондықтан бұл байқаудың ұлттық төл мәде-ниетімізді жандандырып, қыз балаларды білімді болуға, әсемдік, сұлулық әлемін түсінуге, қазақ қыздарына тән қасиеттерге, инаттылыққа, нәзіктікке, іскерлік пен ізеттілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеуде маңызы өте зор болмақ. Қаракөз қыздарымыз бұрымды шашымен, инатты мінезімен, ақылдылығымен, кіршіксіз арымен әрқашан басқалардан ерекшелене берсін!», - деген университет басшысы оқу орданың студенттері білімділігімен, шығармашылығымен және парасаттылығымен ерекшеленетінін ерекше ықыласпен сөз етті. Университеттің миссиясы талантты жастарды қолдау, оларды заманауи біліммен және ұлттық құндылықтармен қатар дамыту екенін тілге тиек



етіп, сұлу бойжеткендерге сәттілік тіледі.

Байқау барысында әрбір ару өз болмысын ашып, жан-дүниесінің байлығымен және талантымен ерекшеленді. Қатысушылар сахнада өзін таныстыру арқылы даралығын, ұлттық дәстүр мен мәдениетке құрметін көрсетті. Олардың көшбасшылық қасиеттері мен шығармашылық қабілеттері сыналды. Арулар өз стилімен, жылы күлкісімен және ерекше сөздерімен аудиторияның назарын өзіне аударды. Шығармашылық кезеңінде арулар би билеп, ән айтып, сахналық қойылымдар арқылы өздерінің ерекше қабілеттерін паш етті, сондай-ақ, өз дайындық деңгейін, шеберлігін және шығармашылық ерекшелігін көрсетті.

Ал, «Smart Beauty Battle» кезеңінде бойжеткендер білімдерін, тапқырлықтарын және дүниетанымын паш етті. Жаңа Қазақстан мен Ұлы Дала тарихына қатысты сұрақтарға жауап беріп, мәдениетті сөйлеу әдебін сақтай отырып, жан-жақты тұлға екенін дәлелдеді. Қазылар әр қатысушының білім деңгейі мен ойлау қабілетін мұқият бағалады. Соңғы кезеңде қатысушылар кешкі сән үлгісін көрсетіп, сахнада өзін-өзі ұстау шеберлігін, жүріс-тұрысының үйлесімділігін және стиль сезімін көрсете білді. Әр ару киім үлгісі мен өзіндік жүрісін үйлестіре отырып, көрермендерге сән мен сұлулықтың нағыз көрінісін ұсынды.

Іс-шара барысында әділқазылар алқасы үміткерлердің өнерін, мінез-құлқын, сыртқы сұлулығы мен сахнадағы өзін-өзі ұстауын, шығармашылық шеберлігін, білімі мен парасатын, ұлттық тәрбиеге деген көзқарасын мұқият бағалады. Нәтижесінде, жүлделі орындар мен арнайы номинациялар анықталды.

«Дулати аруы - 2026» байқауының бас жүлдесін Технологиялық факультеттің студенті Ақнұр Шыныбек жеңіп алып, «Дулати аруы» атанды. Жүлделі I орынға «Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультетінің студенті Диана Есентаева ие болса, жүлделі II орынды «Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультетінің студенті Альмира Бауыржанқызы иеленді.

Ұйымдастырушылар тарапынан тағайындалған екі III орынға Технологиялық факультеттің студенті Бану Абиярова және «Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультетінің студенті Шапағат Жолдасбек ие болды.

Сондай-ақ бірқатар үміткерлерге арнайы номинациялар берілді. Атап айтқанда, «Ұлттық нақыш аруы» номинациясына Дулати колледжінің студенті Ақерке Халимжанқызы, «Нәзіктік символы аруы» номинациясына «Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультетінің студенті Апель Тастанбек, «Көрермен көзайымы» номинациясына «Экономика және құқық» факультетінің студенті Гүлнұр Сәлімқызы, «Сахна жұлдызы» номинациясына «Экономика және құқық» факультетінің студенті Аяжан Темірәлі, «Интеллектуалды ару» номинациясына Жаратылыстану факультетінің студенті Аружан Серікбайқызы лайық деп танылды.

Байқау нәтижесі бойынша жүзден жүйрік шыққандар білім ордасының арнайы грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сұлулық, талант және парасат тоғысқан кеш көрермендер үшін ұмытылмас әсер қалдырды.

Бұл байқау қатысушыларды өздерін көрсетуге мүмкіндік беріп қана қоймай, оларды ұлттық мәдениет пен дәстүрді дәріптеуге ынталандырды.

Сонымен қатар, бұл іс-шара жас қыздар арасында өз қабілеттерін дамытуға, өз-өздерін танытуға және қоғамдық өмірге белсенді араласуға септігін тигізетін болады.

Бұндай байқаулардың тұрақты түрде өткізілуі университеттегі білім алушы жастарға мәдени және шығармашылық тұрғыда өзіндік даму алаңын ұсына отырып, келешектегі ұрпаққа ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрді насихаттауға зор үлес қосатыны анық.

ӘЙЕЛ –
СҰЛУЛЫҚТЫҢ
ӘУЕНІ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай, «Филология және әлеуметтік ғылымдар» факультетінің ұйымдастыруымен «Әйел – сұлулықтың әуені» атты салтанты кеш болып өтті.

Мерекелік шараның негізгі мақсаты қазақ әйелдерінің қоғамдағы айрықша рөлін айқындау, ананың даналығы мен мейірімін ұлықтау арқылы жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру.

Мерекелік кешке арнайы қатысқан М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Ләззат Еркінбаева құттықтау сөз сөйлеп, аналардың қоғамдағы орны айрықша екенін айтып, әйел – отбасының ұйытқысы әрі ұлт тәрбиесінің негізін қалаушы тұлға екендігіне тоқталды. Ана мейірімі мен парасаты елдің рухани байлығы екенін, ал олардың еңбегі мен төзімі қоғам дамуының маңызды тіректерінің бірі екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар, университеттегі әйел оқытушылар мен қызметкерлердің білім мен ғылым саласындағы еңбегін жоғары бағалап, олардың жас ұрпақ тәрбиесіндегі рөліне тоқталды.



Кеш шымылдығы студенттерден құралған топтың орындауындағы «Ана» әнімен түрілді. Әсерлі орындалған туынды көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Сондай-ақ кеш барысында ананың қоғамдағы рөлі туралы заманауи AI технологиялары негізінде дайындалған мазмұнды визуалды презентация ұсынылды. Онда ана бейнесі – отбасының тірегі, тәрбие мен ізгіліктің бастауы ретінде кеңінен сипатталды.

Кештің маңызды бөлімдерінің бірі – «Қазақстанның танымал тұлғаларын дүниежүзіне танытқан аналар» атты арнайы құрмет көрсету сәті болды. Бұл бөлімде еліміздің спорт және өнердегі танымал тұлғаларды тәрбиелеген аналар таныстырылды.

Атап айтқанда, дзю-додан Қазақстан тарихындағы Тұңғыш Олимпиада чемпионы Елдос Сметовтің анасы Тоқтағұл Сметова, қазақ күресінің белгілі балуаны Бейбіт Ыстыбаевтың анасы Ләззат Ыстыбаева, эстрада әншісі Ернар Айдардың анасы Күлман Махмудова және танымал әзілкеш, интернет жұлдызы Арман Жаналиевтің анасы Ұлбосын Жаналиева құрмет төрінен көрінді.

Қонақтар студенттермен ашық форматта сұхбаттасып, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Тоқтағұл Сметова бала тәрбиесіндегі тәртіп пен еңбек-қорлықтың маңызын айтса, Ләззат Ыстыбаева ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиенің рөліне тоқталды. Күлман Махмудова шығармашылық жолды таңдаған балаға сенім мен сабыр қажет екенін тілге тиек етті. Ал, Ұлбосын Жаналиева ата-ана мен бала арасындағы ашық қарым-қатынастың маңыздылығын атап өтті. Бұл кездесу студенттерге терең әсер қалдырды.

Кеш барысында ана тақырыбындағы әндер шырқалып, поэзиялық шығармалар оқылды. Әдеби-музыкалық композициялар мен театрландырылған көріністер сахналанды. Факультеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері дайындаған шығармашылық нөмірлер аналарға деген құрмет пен алғыстың айқын көрінісіне айналды. Сонымен қатар, қазақ ойшылдарының әйел мен ана туралы нақыл сөздері оқылып, тағылымды ойлар ортаға салынды.

Мерекелік кештің соңында қонақтар ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, шараның мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өткенін ерекше ықыласпен айтып жатты.



МЕРЕКЕЛІК ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Университет қабырғасында «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының ұйымдастыруымен аналардың еңбегі мен рөлін дәріптеу, отбасы құндылықтарын насихаттау, білімгерлердің шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында «Ана – алғашқы ұстаз» тақырыбында мерекелік кеш өтті.

Мерекелік кеште кафедра меңгерушісі PhD докторы, қауымдастырылған профессор Аслан Нұрбекұлы құттықтау сөз сөйлеп, аналардың қоғамдағы орны мен отбасының берекесін сақтаудағы рөлін атап өтті.

Профессор студенттер мен ұстаздарды құттықтап, аналарға деген құрмет пен алғысын жеткізді. Ананы өмірдің тірегі, әр отбасының алтын діңгегі ретінде бағалап, олардың еңбегі мен мейірімін ерекше ықыласпен айтып өтті.

Сонымен қатар, керемет кешті ұйымдастыруға факультеттің 1 курс студенттері мен кураторлар Н.Ж. Жоранова, А.Т. Ақынбекова, Д.Т. Қарғабаева белсенді түрде үлес қосқанын сөз етіп, алғысын білдірді.

Мерекелік кеш барысында студент-



тер ақындық, музыкалық және би нөмірлерімен аналарға құрмет көрсетті. Еркек Мөлдір орындаған «Ана», Миятбек Даниялдың «Ару ана» әндері, «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» атты хорлық композиция аналардың жүрегіне жол тапты. Студенттер аналарға алғыстарын айтып, шығармашылық нөмірлер арқылы

мерекелік көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар, қатысушылар аналардың бала тәрбиесіндегі, қоғамдағы және отбасындағы орнының ерекше екенін атап өтті.

Мерекелік кеш соңында қатысушылар аналарға гүл шоқтарын сыйлап, жылы лебіздерін білдірді.

СТУДЕНТТЕР «AI SANA» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
БАЙҚАУЫНДА ТОП ЖАРДЫ

Талдықорған қаласында өткен «AI SANA – Digital Kazakhstan: Projects of the Future» атты республикалық студенттік жобалар байқауында М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің студенттері жеңіске жетті. Университеттің «IPT Group» командасы үздік нәтиже көрсетіп, I орынды иеленіп, 500 000 теңге көлеміндегі қаржылай сыйлыққа қол жеткізді.

Аталған байқау Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан 2024 жылы қолға алынған «AI SANA» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында өтті.

Байқау 2026 жылдың «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» аясында ұйымдастырылды.

Байқаудың мақсаты – студенттердің инновациялық жобаларын қолдау арқылы жасанды интеллект саласындағы жас мамандардың кәсіби әлеуетін дамыту.

Финалдық кезеңде еліміздің жетекші 13 жоғары оқу орны өзара бақ сынады. Қатысушылар инновациялық жобаларын ұсынып, олардың практикалық маңыздылығы мен өзектілігін қорғады.

Жеңімпаз атанған «IPT Group» командасының құрамының құрамында университеттің аға оқытушысы Д. Мамаева - команда жетекшісі, 4 курстың студенттері Е. Болатов - команда көшбасшысы, Е. Пазылханов және 2 курс студенті А. Мұсылманқұл болды.

Аталған жеңіс Дулати университетінде IT технологиялар мен жасанды интеллект бағытының қарқынды дамып келе жатқанының айқын дәлелі деуге толық негіз бар.

СЕМИНАР - ТРЕНИНГ

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ ӨТУДЕ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде «Тәуекелдерді басқару жүйесі: тәуекелдерді басқарудың қағидаттары, міндеттері мен құралдары, халықаралық және отандық үздік тәжірибелер» тақырыбында оқыту бағдарламасы ресми ашылып, өтуде.

Бағдарламаның мақсаты – университет қызметінде тәуекелдерді жүйелі түрде анықтау, бағалау және басқару тетіктерін жетілдіру арқылы тәуекелге бағдарланған басқару мәдениетін қалыптастыру.

Бағдарлама университетте тәуекелге бағдарланған басқаруды дамытуға және халықаралық стандарттарға, соның ішінде ISO 31000 талаптарына сәйкес заманауи тәуекел мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Оқу аясында университеттің стратегиялық KPI көрсеткіштеріне жауапты тәуекел иелері - бөлімше басшылары мен менеджерлерден құралған 100 қызметкерді оқыту жоспарланған.

Бағдарламаның ашылуына қатысқан Дулати университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Ләззат Еркінбаева сөйлеп, университетте тиімді корпоративтік басқару жүйесін қалыптастыру стратегиялық дамудың маңызды бөлігі екенін жеткізді.

Ал, Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Шолпан Есімова тәуекелдерді басқару мәдениетін дамыту университеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, басқарушылық шешімдердің сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін тілге тиек етті.

Сонымен қатар, Бағдарламаның бизнес-трениері Маржан Ембердинова тәуекелдерді басқару жүйесі кез келген ұйымның тұрақты дамуы мен тиімді басқарушының маңызды элементі екенін атап өтті. Ол оқу барысында қатысушылар тәуекелдерді анықтау мен талдаудың заманауи құралдарын меңгеріп, оларды тәжірибеде қолдану мүмкіндігіне ие

болатынын жеткізді.

Оқыту барысында қатысушылар тәуекелдерді басқарудың халықаралық және отандық тәжірибелерімен танысып, тәуекелдерді анықтау мен бағалау құралдарын, тәуекелдер тізілімін және тәуекел картасын қалыптастыру қағидаларын меңгерді.

Сондай-ақ, тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау әдістері қарастырылады. Бағдарламада практикалық жұмысқа ерекше көңіл бөлінеді. Қатысушылар жобалық топтарда жұмыс істеп, түрлі әдістер арқылы тәуекелдерді талдап, университеттің тәуекелдер тізілімдерін әзірлеп, стратегиялық және операциялық негізгі тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстар дайындайды.

Оқыту 2026 жылғы 11 наурыз бен 15



мамыр аралығында гибриді форматта, яғни онлайн және офлайн режимде өтеді.

Бағдарлама қорытындысы бойынша университеттің тәуекелдер тізілімі мен тәуекелдер картасы әзірленіп, 2026 жылға арналған тәуекелге дайындық деңгейі айқындалады.

«Тәуекелдерді басқару жүйесі: тәуекелдерді басқарудың қағидаттары, міндеттері мен құралдары» атты оқыту бағдарламасының екінші күніндегі тренинг университет қызметінде тәуекелге бағдарланған басқару жүйесін енгізудің

практикалық аспектілеріне арналды.

Тренингте Басқарма Төрағасы - Ректор Ләззат Еркінбаева сөз алып, қазіргі таңда университеттердің табысты дамуы тек академиялық көрсеткіштермен ғана өлшенбейтіні сөз етті. Басқару жүйесінде тәуекелдерді дер кезінде анықтап, оларды кәсіби деңгейде басқару – тұрақты даму мен стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудің маңызды факторы әрі осындай оқыту бағдарламалары ұжымның басқару мәдениетін жаңа деңгейге көтеретінін атап өтті.

Ал, Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Шолпан Есімова тәуекелдерді басқару – бұл тек қауіптерді анықтау ғана емес, мүмкіндіктерді дұрыс бағалау екенін баса айтты. Университеттің ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз ету

үшін әрбір құрылымдық бөлімше өз қызметіндегі ықтимал тәуекелдерді түсініп, оларды басқару тетіктерін жүйелі түрде қолдану қажет екенін жеткізді.

Бағдарламаның бизнес-трениері Маржан Ембердинова тәуекелдерді басқару жүйесі тиімді болуы үшін ол тек құжат жүзінде емес, күнделікті басқару тәжірибесінің бір бөлігіне айналуы керек екендігіне тоқталып, сондықтан - нақты мысалдар мен кейстер арқылы әр бөлімшенің қызметінде кездесуі мүмкін тәуекелдерді талдап, оларды басқарудың



практикалық құралдарын қарастырығанын сөз етті.

Тренинг барысында құрылымдық бөлімшелердің басшылары, факультет декандары және кафедра меңгерушілері практикалық кейстермен жұмыс істеді.

Қатысушылар басқару және білім беру үдерістерінде туындауы мүмкін тәуекелдерді талдап, оларды бағалаудың заманауи әдістерімен танысып, тиімді басқару жолдарын әзірледі. Әсіресе жобалық топтардағы жұмыс үлкен қызығушылық тудырды.

Тренинг соңында қатысушылар тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және бөлімшелер қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірледі.

«Тәуекелдерді басқару жүйесі: тәуекелдерді басқарудың қағидаттары, міндеттері мен құралдары» атты оқыту бағдарламасы үшінші күні де жалғасын тапты. Бұл күн тереңдетілген тәжірибелік жұмысқа және университеттің негізгі тәуекелдерін басқару бойынша ұсыныстар әзірлеуге арналды.

Тренингте қатысқан университет басшысы Ләззат Еркінбаева тәуекелге бағдарланған басқару жүйесін дамыту қазіргі кезеңде университеттің тиімді стратегиялық дамуы үшін аса маңызды бағыттардың бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар, мұндай оқыту бағдарламалары басқару мәдениетін жетілдіруге, шешім қабылдау сапасын арттыруға және университет қызметінің тұрақты дамуына ықпал ететінін жеткізді.

Басқарма мүшесі - стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Шолпан Есімова тәуекелдерді уақытылы анықтау мен жүйелі түрде

басқару университет қызметінің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқаратынын айтып, тәуекел-менеджмент элементтерін стратегиялық және операциялық жоспарлауға енгізу білім беру ұйымдарының тұрақты дамуына мүмкіндік беретінін тілге тиек етті.

Өз кезегінде Бағдарламаның бизнес-трениері Маржан Ембердинова тәуекелдерді анықтау, талдау және оларды басқарудың заманауи әдістерін жөнінде жан-жақты түсіндіріп өтті. Ол қатысушыларға тәуекелдерді бағалау, олардың ықтимал әсерін талдау және тиімді басқару тетіктерін қалыптастыру бағытында практикалық мысалдар келтіріп, кәсіби ұсыныстарымен бөлісті.

Тренинг барысында факультет декандары, кафедра меңгерушілері және құрылымдық бөлімшелердің басшылары топтық жұмыс нәтижелерін ұсынып, тәуекелдерді анықтау және талдау бойынша жүргізілген жұмысты таныстырды. Сонымен қатар, тәуекелдердің туындауына ықпал ететін факторлар талқыланып, оларды басқару бойынша нақты шаралар ұсынылды.

Университеттің тәуекелдер тізілімі мен тәуекелдер картасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарға, тәуекелдерді басқару жүйесін стратегиялық және операциялық жоспарлауға енгізу тетіктеріне ерекше назар аударылды.

Айта кету керек, мұндай оқыту шаралары университет қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттырып қана қоймай, тәуекелдерді басқару мәдениетін қалыптастыруға және білім беру ұйымының тиімді жұмыс істеуіне негіз болатыны сөзсіз.

СЕРІКТЕСТІК

ӨҢІРДЕГІ БИОТЕХНОЛОГИЯ САЛАСЫН ДАМУ ТҮРАҚТЫ ЖАҢА ТЕТІКТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жақында Дулати университетінің басшылығы мен «Shengtai Biotech Co. Ltd» компаниясының өкілдері кездесіп стратегиялық серіктестікті нығайту мәселелерін қарастырды.

Кездесуге компания тарапынан «Shengtai Biotech» ЖШС Бас директоры Вань Яндун және компанияның кадрлар бөлімінің басшысы Ся Киян (Xia Qiang) қатысты. Ал, университет тарапынан Директорлар кеңесінің Төрағасы Бақтыбай Қасымбеков, Басқарма Төрағасы-Ректор Ләззат Еркінбаева, Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер бойынша проректор Рысғұл Кудретуллаева, Биотехнологиялық факультеттің деканы Абиляхан Садибаев қатысты.

Кездесуде барысында тараптар Шу ауданындағы «Jibeek Joly» арнайы экономикалық аймағында жүзеге асырылып жатқан ірі инвестициялық жобаның іске қосылу барысын және ғылыми ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру жолдарын талқылады.

Жүгеріні терең өңдеуге бағытталған зауыт Fufeng Group корпорациясының қолдауымен салынып жатыр. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары 80 пайызға аяқталып, қарқынды жүргізілуде. Бірінші кезеңде жылына 3



миллион тонна жүгері өңделсе, екінші кезеңде бұл көрсеткіш 5 миллион тоннаға жетіп, Орталық Азиядағы ең ірі биоферментация базасына айналады.

Зауыт халықаралық нарыққа валлин, изолейцин, лейцин және глютамин сияқты өнімдер шығарады. Жоба аясында 1500 тұрақты жұмыс орны ашылады. Алдағы уақытта осы өндірістік қуаттылықты, жылына 1 млн тонна көмір өндіретін «Андасай» кен орнын білікті кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында уни-

верситет 220 маман даярлауды жоспарлап отыр. Олардың қатарында биотехнологтар мен химиктерден бөлек, тау-кен инженерлері, геологтар мен маркшейдерлер бар.

Сонымен қатар, оқу орнында халықаралық компанияның индустриалды кафедрасы мен биотехнология бағытындағы академиялық кемелділік орталығын құру көзделген. Орталық білім беру бағдарламаларын өндіріс талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді.

Кездесу аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға бағытталған жаңа қаржыландыру тетіктері де қарастырылды.

Атап айтқанда, университет жанынан эндаумент қорын құру және жер қойнауын пайдаланушылар табысының 1 пайызын ғылыми зерттеулерге бағыттау ұсыныстары талқыланды.

Осылайша, жүзеге асырылып жатқан бастамалар ғылым, білім және өндіріс арасындағы тиімді байланысты қалыптастыратын болады.

ЕКІ УНИВЕРСИТЕТ АРАСЫНДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЮДА



Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің делегациясы Дулати университетіне жұмыс сапарымен келді.

Келген делегация құрамында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғалым-оқытушылары PhD, қауымдастырылған профессор Э. Уайдуллақызы, аға оқытушылар Г.Е. Тоқмырзаева, Д.А. Архабаева және А.У. Керейбаева бар.

Делегацияны Басқарма мүшесі - стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Шолпан Есімова және «Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы Айсұлу Тұрарова қабылдады.

Кездесу барысында тараптар екіжақты серіктестікті одан әрі дамыту мәселелерін талқылап, білім беру үдерісін жетілдіру, оқу бағдарламаларын жаңарту және академиялық байланыстарды кеңейту бағытында пікір алмасты. Сонымен қатар, жоғары білім беру жүйесіндегі заманауи талаптар ескеріліп, білім беру мазмұнын жаңғырту, тәжірибе алмасу және бірлескен жобаларды іске асыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Академиялық ұтқырлықты дамыту арқылы оқытушылар мен студенттердің кәсіби әлеуетін арттырудың маңыздылығы атап өтілді.

Іс сапар шеңберінде Қызылорда университетінің оқытушылары «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының студенттеріне арнайы дәрістер өткізді. Дәрістер барысында бастауыш мектептегі тәрбиелеу жұмысының теориясы мен технологиясы, білім беру мекемелеріндегі әдістемелік жұмыстар және бастауыш мектептегі жаратылыстану және дүниетануды оқыту әдістемесі кеңінен қамтылды.

Аталған сабақтар студенттердің теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың практикалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Кездесу екі университет арасындағы серіктестікті тереңдетіп, болашақ педагог мамандардың кәсіби дамуына тың серпін берді.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ - БАСТЫ НАЗАРДА

Университет қабырғасында Әлеуметтік жұмыс басқармасы және Қаратау тау-кен технологиялық колледжінің «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Жастар тәрбиесі және синтетикалық есірткінің зияны» тақырыбында ақпараттық-танымдық дөңгелек үстел өтті.

Жиыңа Жамбыл облысы Полиция Департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі Айгерім Кауқешова, «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері Әлімбаев Найзабаев, Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығы» КММ Жастар ісі жөніндегі маманы Еркебұлан Спабек, Әлеуметтік жұмыс басқармасының Дінтану бойынша бас маманы Бахтияр Алпысбаев және Қаратау тау-кен технологиялық колледжінің студенттері қатысты.

Жиының мақсаты - жастар арасында заңға құрмет пен



жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру арқылы синтетикалық есірткінің зияны туралы түсінікті кеңейту, қауіпсіз әрі салауатты қоғам құруға ықпал ету.

Жиынды модератор, Әлеуметтік жұмыс басқармасының маманы Ербол Мамедалиев жүргізіп, студенттерді қоғамдағы келеңсіз құбылыстарға бейжай қарамай, заңсыздықтармен бірлесіп күресуге шақырды.

Кездесу барысында мамандар бірнеше маңызды мәселелерге тоқталды. Мәселен, Айгерім Кауқешова қазіргі таңда синтетикалық есірткілердің жастар арасында таралу жолдары мен құқық қорғау органдарының қатаң бақылау шараларын атап өтті. Ол есірткі қылмысына қатысты жауапкершілікті күшейтілгенін атап өтіп, құқық бұзушылардың заң алдындағы міндеттері мен жазалар туралы нақты мәлімет берді. Ал, Әлімбаев Найзабаев рухани тазалық пен елдік сананың биік болуын, бос уақытты тиімді және танымдық бағытта өткізу жастарды жат әдеттерден сақтайтынын атап өтті. Сонымен қатар, Еркебұлан Спабек жастардың қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуы мен салауатты өмір салтын ұстануы нашақорлықтың алдын алудың тиімді жолы екенін айтса, Бахтияр Алпысбаев діни сауаттылық пен рухани тәрбиенің маңыздылығына тоқталды. Ол жастардың дұрыс діни бағытты ұстануы, ақ-қараны ажырата білуі, зиянды заттардан аулақ болу әр адамның азаматтық парызы екенін жеткізді.

Кездесу соңында студенттер мамандарға көкейкесті сұрақтарын қойып, еркін форматта пікір алмасты.

СЕРІКТЕСТІК

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК ЖАҢА
БАСТАМАЛАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Әрбір елдің өркендеуі мен тұғырының берік болуы тікелей білімге байланысты. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім» - деп, қоғам өміріндегі білімнің орнын айқындаған. Шынында да, рухани, мәдени саланың нығаюына, адамдық қасиеттің жоғарлауына, елдің алға өрлеуіне білімнің ғана құдіреті жететіні күннен күнге айқындалып келеді.

Еліміздегі білім беру жүйесін санға емес, сапаға негіздеу – бүгінгі күннің басты талабы. Тәрбиелі әрі білімді ұрпақ өсіріп, саналы да сапалы, бәсекеге қабілетті маман даярлау арқылы алдыңғы қатарлы елге айналатынымызды ескерсек, бұл мәселе ұдайы назарда болу керек.

Әр мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан дамуының тағы бір көрсеткіші - әлемдік тәжірибеге сүйенген білімді маман даярлаумен тығыз байланысты.

Осы орайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде шетелдік алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының, соның ішінде Қазақстанға аса қажетті техникалық бағыттағы оқу орындарының филиалдарын ашу туралы айтқан сөзі - жастардың елден тыс кетпей-ақ, сапалы білім алуына жол ашатын елді елең еткізген жаңалықтың бірі болды. Бұл қажетті мамандармен елді қамтамасыз ету мәселесін шешудің тиімді жолының бірі болды.

Сондай-ақ, шетелдік жоғары оқу орындары филиалдарының ашылуы, сол жоғары оқу орындарының заманауи үлгілері мен ғылыми экокүйені ұлттық білім және ғылым жүйесіне енгізуге мүмкіндік береді.

Президент тапсырмасын орындау, талантты жастарды қолдау, жоғары білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ғылым және жоғары білім министрлігі көптеген шетелдік университеттермен стратегиялық серіктестік орнатты. Соның негізінде Қазақстанда шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары ашылып, «қос диплом» бағдарламалары іске аста бастады.

Білім берудегі халықаралық ынтымақтастықты дамытудың, химия саласында жоғары білікті кадрлар даярлау мақсатында біздің М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің жанынан Д.И.Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университеті филиалының ашылуы-халыққа пайдалы бастаманың бірі болды.

Осыған сәйкес, ғылым мен білім беру, инновациялық қызмет, ғылымды қажетсінетін жобаларды әзірлеу және іске асыру, нарыққа жаңа технологияларды ілгерілету және жоғары технологиялық өндірістерді дамыту үшін заманауи технопарктер құру саласында өзара тиімді ынтымақтастық орнады.

Жақында Басқарма Төрағасы – Ректор Ләззат Еркінбаева Д.И.Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университетінің ректоры Сергей Филатов бастаған делегацияны қабылдады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІ
ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ВОРКШОП
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Университет қабырғасында «Қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу: тәсілдер мен үздік тәжірибелер» тақырыбында воркшоп ұйымдастырылды.

Басқосу мақсаты – университеттегі білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру, халықаралық академиялық байланыстарды нығайту және қос дипломды білім беру жүйесін дамытуға бағытталған тиімді тәжірибелермен бөлісу.

Воркшопқа университеттің профессор-оқытушылар құрамы, кафедра меңгерушілері, білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер және Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің қызметкерлері қатысты.

Басқосуды Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер бойынша про-

ректор Рысгуль Кудретуллаева ашып, қос дипломды бағдарламаларды әзірлеу кезінде оқу үдерісін дұрыс жоспарлау мен академиялық талаптарды үйлестірудің маңыздылығына тоқталды. Ол мұндай бағдарламаларды жүзеге асыру жоғары оқу орындары арасындағы тығыз әріптестікті талап ететінін атап өтіп, бірлескен білім беру жобалары университеттің халықаралық беделін арттыруға және білім сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретінін жеткізді.

Кездесу барысында қатысушылар қос

кездесудің мақсаты - стратегиялық әріптестікті дамыту және білім беру мен ғылым саласындағы бірлескен жобаларды іске асыру.

Кездесуге Басқарма Мүшесі-ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Сейтжан Орынбаев қатысып, екіжақты ынтымақтастықтың негізгі бағыттары жан-жақты талқыланды.

Атап айтқанда, Тараз қаласындағы РХТУ филиалын дамыту мәселесіне ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, қос диплом бағдарламаларын жүзеге асыру, білім берудің жаңа форматтарын енгізу, ғылым, білім және өндіріс арасындағы байланысты күшейту, заманауи зертханалық және ғылыми инфрақұрылымды дамыту бағыттары қарастырылды.

Кездесу барысында қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан бірлескен жобаға ерекше мән берілді. Бұл жоба инженерлік кадрларды даярлаудың жаңа үлгісін қалыптастыруға бағытталған. Жаңа модель химия саласының нақты қажеттіліктеріне және өңірлік экономиканың сұранысына бейімделген.

Сапар аясында делегация университеттің зертханаларымен, материалдық-техникалық базасымен және жүзеге асырылып жатқан ғылыми жобаларымен танысты.

Сондай-ақ, ынтымақтастықты одан әрі кеңейту, ғылыми зерттеулерді күшейту және жаңа бастамаларды іске қосу бойынша нақты қадамдар талқыланды. Нәтижесінде еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие кәсіби мамандар даярланып, өңірдің әлеуметтік және экономикалық дамуына жаңа мүмкіндіктер ашылады.

Кездесу соңында алдағы жоспарлар легіне жан-жақты талдау жасалып, білім саласындағы даму жолында қарқынды жұмыстардың жалғасын табатындығымен қорытындыланды.

Қонақтарымыз университет басшылығына ерекше алғыстарын білдіріп, білім ордасы алдағы уақытта да биік белестерді бағындыратынына сенімдерін білдірді.

Біз халықаралық бағдарламалар шеңберінде бірлескен жобаларды әзірлеп және орындауды жүзеге асыру, Ресейде және Қазақстанда докторанттарды, ғылыми дәреже ізденушілерді, бірлескен ғылыми зерттеулер шеңберінде тағылымдамадан өтүші-зерттеушілерді оқыту, олардың тағылымдамадан өтуі және біліктілігін арттыруына жағдай жасау, инновациялар және технологиялар мәселелері бойынша Қазақстанда, Ресейде халықаралық кездесулер, форумдар ұйымдастыру және өткізу сияқты ауқымды жұмыстарды атқарып, жүйелі жобаларды жүзеге асыратынымызға сенімдіміз.

Жоғары білім жүйесі реформаланып, үнемі жетіліп, жаңарып отыруды қажет етеді. Қазіргі біз өмір сүріп отырған кезең - бұл жаңа дәуір, жаңа көзқарасты, жаңашылдықты талап ететін кезең. Еліміздегі шетелдік жетекші оқу орындары филиалдарының ашылуы, алдағы уақытта ел болашағының кемел болуына, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға, дамыған елдермен тең түсер білікті тұлғалар дайындауға сеп болмақ.

Қазір білектің күшіне емес білімге арқа сүйейтін заман. Талабы таудай жастарымыз да мұны ескеріп, қарым-қабілеті мен білім-біліктілігін тереңдетуде.

Білімі терең, ойы озық, елдің тұрақтылығы мен өркендеуіне үлес қосатын бәсекеге қабілетті маман кадрларды даярлау біздің оқытушылар қауымына да зор жауапкершілік жүктейді.

дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеудің негізгі қағидаттары мен оларды іске асыру тетіктерін талқылады. Сонымен қатар, оқу жоспарларын үйлестіру, академиялық талаптарды сәйкестендіру, серіктес университеттермен бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыру және студенттердің академиялық ұтқырлығын дамыту мәселелері қарастырылды.

Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Шолпан Есімова сөз алып, университеттің халықаралық деңгейде дамуы мен серіктестік байланыстарын кеңейту қос дипломды бағдарламаларды енгізудің негізгі басымдықтарының бірі екенін жеткізді.

Сонымен қатар, воркшоптың жаңа идеяларды талқылауға, тәжірибе алмасуға және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Қатысушылар бірнеше жұмыс топтарына бөлініп, нақты білім беру бағдарламалары бойынша ұсыныстар әзірледі. Әрбір топ қос дипломды бағдарламаларды кезең-кезеңімен енгізу жолдарын қарастырып, оларды іске асырудың алдын ала жол карталарын дайындады.

Воркшоп соңында жұмыс топтары құрылып, қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеудің алдын ала жол карталары жасалды.

Сондай-ақ, болашақта бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін әлеуетті шетелдік университеттер анықталды.

Қатысушылар өз кезегінде ұйымдастырушыларға алғыстарын айтып, жылы лебіздерін жеткізді.

ЕКІ ЖАҚТЫ
МЕМОРАНДУМҒА
ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Университет қабырғасында Басқарма Төрағасы – Ректор Ләззат Еркінбаева ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Төлеген Сәрсембаевты қабылдады.

Кездесу барысында тараптар салық және кеден әкімшілігінің тиімділігін арттыру, студенттер мен оқытушылардың салықтық сауаттылығын көтеру, дарынды жастарды цифрлық технологиялар арқылы анықтау және қоғамдағы салыққа сенімділікті нығайту мақсатында екіжақты меморандумға қол қойды.



Меморандум шеңберінде тренингтер, семинарлар, конференциялар және басқа да білім беру іс-шаралары өткізіледі.

Сонымен қатар, бірлескен аналитикалық шолулар, оқу-әдістемелік материалдар мен ақпараттық ресурстар әзірленіп, практикалық және мотивациялық жобалар іске асырылады.

Кездесу қорытындысында алдағы бірлескен жоспарлар талқыланып, ынтымақтастықтың тұрақты әрі қарқынды түрде жалғасатыны атап өтілді.

Қонақтар университет басшылығына алғыстарын білдіріп, білім ордасының алдағы жетістіктерге жететініне сенімдерін білдірді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ
ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
ІС ҮСТІНДЕ

Білім беру саласын интернационалдандыру және халықаралық академиялық байланыстарды нығайту мақсатында университет оқытушылары 2025 жылғы сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларына белсенді қатысты.



Оқу жылы барысында университеттің 20-дан астам оқытушысы шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өтіп, дәрістер оқып, тәжірибелік сабақтар өткізді.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы филология, педагогика, экономика, қаржы, биология және журналистика сияқты түрлі білім беру бағыттарын қамтыды.

Бағдарлама аясында университет оқытушылары Өзбекстан, Түркия, Қырғызстан және Болгария елдерінің жетекші университеттерінде тәжірибе алмасып, бірлескен сабақтар ұйымдастырды.

Сонымен қатар, заманауи оқыту әдістемелерімен бөлісіп, ғылыми-білім беру саласындағы кәсіби пікірталастарға қатысты.

Дәрістер мен ғылыми талқылаулар тіл теориясы, неміс тілі, қаржылық есептілікті талдау, генетика, әлеуметтік психология, академиялық жазу, экономикалық теория, бизнес негіздері, бизнес-тәуекелдерді талдау және бағалау, мәдениетаралық коммуникация, тарих пен әдебиет пәндерін қамтыды.

Айта кету керек, мұндай бағдарламалар Дулати университетінің халықаралық білім беру кеңістігіне ықпалдасуына және жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға маңызды үлес қосады.

Сонымен қатар, жақында университет қабырғасында білім алушыларды халықаралық және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламалары туралы ақпараттандыру арқылы шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндіктерімен таныстыру мақсатында студенттерге арналған «Академиялық ұтқырлықтың ақпараттық күні» ұйымдастырылды.

Кездесу барысында Халықаралық ынтымақтастық басқармасының сектор меңгерушісі Венера Рахымбекова университеттің шетелдік және қазақстандық серіктес жоғары оқу орындары туралы кеңінен мәлімет берді. Студенттерге сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламалары, оған қатысу талаптары мен құжат тапсыру тәртібі түсіндірілді. Студенттер Европа, АҚШ, Оңтүстік-Шығыс Азия және ТМД елдеріндегі және Қазақстанның өзге қалаларындағы жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндіктерімен танысты.

Кездесу соңында студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, академиялық ұтқырлық бағдарламаларының кәсіби даму мен халықаралық тәжірибе жинақтаудағы маңыздылығы атап өтілді.

Айта кету керек, жыл сайын Дулати университетінің студенттері Испания, Италия, Малайзия, Индонезия, АҚШ, Қытай, Түркия, Польша, Латвия, Литва, Португалия, Өзбекстан және Ресейдің жетекші университеттерінде білім алып, тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болуда.

15 НАУРЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ!

ЖАҢА АТА ЗАҢ–ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЖАРҒЫСЫ

2026 жылдың 15 наурызы күні Қазақ елі бүкілхалықтық референдумда еліміздің жаңа Конституциясын қабылдады. Осы жылдың 17 наурызы күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев маңызды әрі тарихи құжатқа қол қойды. Мемлекет басшысы бүкіл халық атынан Ата заңға қол қойып, оны іске асыру жөніндегі шараларды бекітті.

Бұл тарихымыздағы аса маңызды, мән-мағынасы айрықша, ел өмірінде өшпес із қалдыратын оқиғаның бірі болды.

Енді Конституция күнін мемлекеттік мереке ретінде ұлттық деңгейде жыл сайын 15 наурызда атап өтетін боламыз.

Өткенге көз жүгіртер болсақ, 1995 жылдың 30 тамызында еліміздің заң жүзінде азаттығын айғақтайтын, мәртебесін айшықтайтын құжаты қабылданды. Бұл күн - ел болмысының тамырына қан жүгіртіп, келешекке көз тігуге мүмкіндік берген ұлы жеженің бастауы еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Ата заңымыз - қастерлі Тәуелсіздігіміздің сенімді тірегі» - деп атап көрсеткендей, еліміздің Ата заңы халқымыздың дербес ел болуды армандаған, мүддесін заң тілінде айшықтаған, жер шарына, адамзат ғаламына «Қазақстан» деген мемлекет бар екенін паш еткен ерекше құжат.

Ата заңымыздың өзгешелігі Қазақстан Республикасының тәуелсіз дамуының мемлекеттік тұғырын, басқару тәсілін, билік тармақтарын бекітіп, «байырғы қазақ жерінде мемлекет құрылғанын» жария етті.

Оның әр жолында елдің үні, халықтың тілі, ата-бабаның аманаты бар. Кешегінің күңгірт көлеңкесін, қара түнегіні қақ жарып шыққан, азаттық танымен нұрланған жаңа дәуірдің алтын кілті. Әлмисақтан бері әділдікті ту еткен қазақтың табиғатына, билер сөзіне, қара қылды қақ жарған шешендеріне тұғыр болған дала заңдарының заңды жалғасы.

Тәуке ханның «Жеті жарғысы», Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы» - бәрі де осы бір қасиетті құжаттың тамырына қан жүгірткен, қайнары болған тарихи негіз.

Қазақ қазақ болғалы талай зобалаң, талай ықылым замандардан өткен. Көздің жасын қан қылған замандар болған. Сол кезеңдерде елдің еңсесін еңкейтпей, босағасын қисатпай, шаңырағын шайқалтпай, сол дәуірдің ағымына, бағытына, өмір сүру дағдысына қарай қызмет еткен «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Әз Тәукенің Жеті жарғысы», «Билер Заңы» осы кезеңге дейін өз құндылықтарын жоған емес.

Сондықтан да, бұл Ата заң - осы заманның ғана заңы емес, бабалардың аманатын арқалаған, ата-баба өсиетін ұрпаққа мирас етіп жеткізген ғаламат жәдігер. Бұл - қай кезде де қараша халыққа қорған болған, ел ішінде әділет пен ынсаптың дәнін сепкен рухани заңғар. Ол ел ішінің ынтымағын, бірлігін бекемдейтін киелі құндылық, елдің ертеңіне көз тіккен кемел құжат.

Уақыт бір орнында тұрмайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында елімізді одан әрі демократияландыру үшін саяси жүйені өзгерту жөнінде бастама көтерді. Мұны тиімді жүзеге асыру үшін Ата заңымызға өзгерістер енгізу қажет болды. Негізгі Заңды өзгертудің маңызы зор, ел тағдыры үшін айрықша мәні бар еді.

Ел Президентінің Жарлығымен осы 2022 жылдың 5 маусымында жалпыхалықтық референдум өткізіліп, Конституцияға өзгерістер енгізілді. Ата заңның 33 бабына 56 өзгеру енгізілді. Ел дамуының жаңа кезеңі басталды. Жалпыұлттық референдум арқылы Конституцияға енгізілген өзгерістер Қазақстан тарихының келесі парағын ашты.

Елімізде демократияның өрісі кеңейіп, президенттік - парламенттік басқару жүйесі өмірге келді. Парламенттің рөлін көтеру, оның үкіметке ықпал жасау және бақылау тетіктерін жетілдіруі қамтамасыз етілді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары - мәслихаттың рөлі артты. Сайлау жүйесін реформалау, саяси партиялардың рөлін арттыруға бағытталған қадамдар жасалды. Қазіргі кездегі Қазақстан нағыз шын мәніндегі бірден бір президенттік-парламенттік республикаға айналып отыр.

2026 жылғы 11 ақпанда Қазақстан Республикасының Президенті еліміздің жаңа Конституциясын қабылдау мәселесі бойынша 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды.

Конституциялық реформа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастамасының негіз-Оінде туындады. Президент бұл идеяны 2025 жылғы 8 қыркүйекте халыққа арнаған жыл сайынғы Жолдауында жариялап, оның мақсаты саяси жүйені кешенді түрде жаңғырту және жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының одан арғы үдерісіне оң ықпал ету екенін атап өтті.

8 қазанда Парламенттік реформа бойынша жұмыс тобын құру туралы өкімге қол қойылды. Оның құрамына белгілі заңгерлер, сарапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар фракцияларының өкілдері кірді.

Сонымен қатар, азаматтар да e-Отinish және eGov порталдары арқылы өз пікірлері мен ұсыныстарын жолдап, талқылауға белсенді қатысты.

Бірнеше ай бойы қоғамда жаңа реформаға қатысты қызу пікірталас жүрді. Осы кезең аралығында Жұмыс тобы азаматтар мен сарапшылардан түскен 2 мыңнан аса ұсынысты жан-жақты қарастырып, жүйеледі.

2026 жылғы қаңтарда өткен Ұлттық құрылтайдың

V отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент реформасына қатысты азаматтардан түскен ұсыныстарды қорытындылап, алдағы өзгерістердің жалпы тұжырымдамасын ұсынды.

Президент бастапқыда түзетулер Ата заңның шамамен 40 бабына қатысты болады деп жоспарланғанын атап өтті. Алайда қоғамдық талқылаулар барысында өзгерістер ауқымының әлдеқайда кең екені, олардың Конституцияның өзге де бөлімдері мен көптеген баптарын қамтитыны айқындалды.

Сондықтан 2026 жылғы 21 қаңтарда Мемлекет басшысының Жарлығымен Конституциялық комиссия құрылды. Оның құрамына жалпы саны 130 адамды құрайтын Ұлттық құрылтай мүшелері, белгілі құқықтанушылар, орталық мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары, БАҚ басшылары, мәслихат төрағалары, өңірлік қоғамдық кеңестердің өкілдері, сондай-ақ сарапшы және ғылыми қауымдастық өкілдері кірді. Комиссия құрамында Қазақстанның барлық әлеуметтік топтары мен өңірлері толықтай қамтылды.

Жұмыс барысында Комиссия мүшелері еліміздің азаматтары, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, белгілі заңгерлер, құқық қорғаушылар, қоғам қайраткерлері, депутаттар, саясаттанушылар және басқа да сарапшылар жолдаған ұсыныстарды Ата Заңға енгізу мәселелері бойынша егжей-тегжейлі қарастырды.

Еліміздің конституциялық дамуы тарихында алғаш рет осындай ауқымды жұмыс толық ашық форматта жүргізілді: Комиссияның барлық отырыстары интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде тікелей эфирде көрсетіліп, қоғамдық бақылау мен азаматтардың кеңінен қатысуын қамтамасыз етті. Конституциялық комиссия жұмысының жариялылығы мен ашықтығы жаңа Конституция жобасының аралық нұсқасын барлық халыққа таныстыру арқылы да айқын көрінді.

Қоғамдық талқылау аясында Комиссияға азаматтардан шамамен 10 мың пікір мен ұсыныс түсті. Осындай ауқымды азаматтық қатысу жаңа Конституцияға шын мәнінде халықтық сипат берді.

Сонымен қатар, түрлі саяси және қоғамдық алаңдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында сарапшылар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен ашық талқылаулар өтті.

Жалпы алғанда, жаңа конституцияның мазмұны адамға бағдарланған. Ол заманауи қоғамдық құндылықтарды, мемлекеттік қағидаттарды көрсетеді және саяси институттардың тиімділігін арттыруға бағытталған. Жаңа Конституция мәтінінің негізгі ерекшелігі – адам құқықтарына басымдық берілуінде. Атап айтқанда, адамның құқықтары мен бостандықтары тек жаңа Прембулада ғана емес, сонымен бірге толықтай Конституцияның маңызды басымдықтары мен мәндік тірегіне айналды.

Прембулада бірлік, татулық және этносаралық келісім мемлекеттіліктің негізі ретінде бекітілген.

Негізгі мызғымас құндылықтарға Қазақстанның Егемендігі, Тәуелсіздігі, унитарлығы және аумақтық тұтастығы жатады.

Конституциялық деңгейде Әділетті Қазақстан идеясы, Заң мен Тәртіп қағидаты, табиғатқа қамқорлық көрсету қажеттілігі, сондай-ақ жаңа Конституцияда биліктің бірден-бір бастауы және Егемендіктің иесі – Қазақстан халқы екені бекітілді.

Жаңа Конституция жобасында алғаш рет азаматтардың цифрлық ортадағы құқықтарын қорғау нормасы бекітілді. Сондай-ақ, адвокатура мен адвокаттық қызметке арналған арнайы бап енгізілді. Адам капиталының, білім, ғылым, мәдениет пен инновацияның дамуына ерекше көңіл бөлінді. Бұл мемлекет болашағының минералдық ресурстар мен табиғи байлықтарға емес, адам капиталы мен азаматтардың жетістіктеріне байланысты екенін көрсететін шешуші бағыт.

Дін мен мемлекеттің рөлі айқын бөлінген. Білім беру және тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты бекітілген.

Неке ерікті және тең құқықты ер мен әйелдің одағы екені туралы норма енгізілген. Бұл дәстүрлі құндылықтарды қорғауды күшейтіп, әйелдердің құқықтарын жоғары құқықтық деңгейде қамтамасыз етеді.

Конституциялық деңгейде ұлттық мәдениетті қолдау және тарихи-мәдени мұраны сақтау негізгі қағидаттардың бірі ретінде бекітілді.

Жаңа Конституцияның негізгі жаңалықтарының бірі 145 депутаттан тұратын, жаңа әрі кеңейтілген өкілеттіктерге ие бір палаталы Парламент – Құрылтайды құру. Оның құрамы пропорционалды сайлау жүйесі бойынша құрылады, ал депутаттардың өкілеттік мерзімі 5 жылды құрайды. Пропорционалды жүйе партиялардың кадрлық саясатты дамытуына ықпал етіп, олардың институционалдық рөлін күшейтеді және саяси күштердің қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады.

Сондай-ақ негізгі жаңалықтардың бірі – Вице-Президент институтын және жаңа ұлттық диалог алаңы – Қазақстан Халық Кеңесін құру.

Жалпы, жаңа Конституцияның ережелері мемлекетіміздің институционалдық негізін трансформациялау процесінде аяқталуын және мүлдем жаңа конституциялық үлгіге көшуді көздейді. Жалпы алғанда, жаңа Ата Заң тек заманауи қоғамдық құндылықтар мен мемлекеттік саясат қағидаттарын көрсетіп қана қоймай, еліміздің алдағы ілгері дамуы үшін ұзақ мерзімді негіздерін қалайды. Осылайша еліміздің азаматтары 2026 жылғы 15 наурыз күні белгіленген республикалық референдумда Жаңа Конституцияны қабылдады.

Ел Конституциясы - халықтың арман, мақсатын орындаған, көпшіліктің талқысының нәтижесінде дайындалған сарабдал құжат. Әрі ол көпшілікпен кеңесе отырып дайындалған заң. «Кеңескен істе кемшілік болмайды» деп бабаларымыз айтпақшы, бүгінгі Конституцияның ел көңілінен шығуына да сол көпшіліктің кеңесе, ақылдаса,

““”

БІЗ ХАЛЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫН КЕЛЕШЕК ҰРПАҚ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІМІЗДІ ТЕРЕҢ СЕЗІНЕ ОТЫРЫП ҚАБЫЛДАДЫҚ.

АТА ЗАҢ - ҚУАТТЫ, КҮШТІ, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЖАРҒЫСЫ.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ - КӨНЕ ЗАМАННАН БЕРІ БАБАЛАРЫМЫЗҒА БАҒДАР БОЛҒАН ДАЛА ЗАҢДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ЖАЛҒАСЫ, ҰРПАҚТАР АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ КӨРІНІСІ.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚАБЫЛДАУҒА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН



талқыға сала отырып қабылдануына түрткі болған еді.

Конституция Кіріспе, 11 бөлім және 96 баптан тұрады. Екі жаңа бөлім енгізілді: «Халық кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу». Төрт бөлімнің атауы өзгерді. Олар, «Жалпы ережелер» – «Конституциялық құрылыс негіздері», «Адам және азамат» – «Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер», «Парламент» – «Құрылтай», «Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл» – «Сот төрелігі. Прокуратура. Құқық қорғау тетіктері».

Жалпы, 77 бапқа түзету енгізілді, бұл Конституция мәтінінің 84 пайызын құрайды. Осылайша өзгерістер мен толықтырулар Негізгі заңның барлық бөлімін қамтиды. Әр бөлім - өз алдына тұғырлы тақырып, ел тіршілігін беінелейтін шежіре.

Бөлімдердің атауларын өзгерту немесе баптардың тұжырымдарын нақтылау - жай редакциялық түзету емес, бұл тұжырымдамалық тәсілді жаңартатын, құқықтық нақтылықты күшейтетін және Негізгі заңның сапасын арттыратын терең ойластырылған қадам.

Жаңа Конституция - өткеннің қисынынан шығып, посткеңестік кеңістіктен тыс, заманауи мемлекет моделіне көшуге жасалған талпыныс. Жаңа Конституция біріншіден, ол кеңестік стильден - ауыр, өктем, бюрократиялық тілден бас тартты. Конституцияда шенеуніктерге арналған нұсқаулық емес, қоғамның ортақ келісімі ретінде түсіндіретін айқын әрі түсінікті логика қалыптасты.

Екіншіден, жаңа модель анағұрлым теңгерімді. Онда тежемелік әрі тепе-теңдік принципі неғайтылды, институттардың рөлі нақтыланды, биліктің бір орталыққа шоғырлануы азайды.

Үшіншіден, Конституция алғаш рет өзіміздің кім екенімізді және ерекшелігімізді көрсетіп отыр. Ұлттық ерекшелігіміз, өткен тарихымыз, қоғамдық құндылықтарымыз басты орынға қойылды. Бұл жай декларация емес, кім екенімізді және қайда бет алғанымызды заң тұрғысынан бекіту.

Ең маңыздысы, жаңа Конституцияның төрінде - адам түр. Адам құқықтары мен бостандықтары бүкіл жүйені іргетасы. Яғни, мемлекет өз мүддесі үшін емес, азаматтың қадір-қасиеті, қауіпсіздігі және өзін аша мүмкіндігі үшін қызмет етеді.

Ата заңның ең алғашқы бабы: «Мемлекеттің ең жоғары құндылығы - адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», - деп басталады. Осының өзі мемлекетімізде адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарының өте жоғары дәрежедегі құндылық ретінде бағаланатындығының нақты дәлелі.

Конституция бізге, адамдық қадір-қасиетімізге қол сұғылмауына, тіліміз бен дініміздің дамуына, ар-ождан бостандығын қорғауға, адал еңбегімізбен тапқан мүлкіміз бен меншігімізді сақтауға кепілдік береді. Сондықтан құқықтық мемлекет, заңның жоғарғы мәртебелілігі, Конституцияның мызғымас беріктігі, ұлттық идеологияның негізі және түп қазығы екенін мойындауымыз керек.

Конституцияның арқасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі айқындалды. Бас құжат азаматтардың құқығы мен бостандығының кепілі болып қоймай, сонымен бірге, азаматтарды жасына, жынысына, тіліне, діліне, ұлтына байланысты кемсітуге, төмендетуге тыйым салуымен де құнды болып отыр.

Еліміздегі барлық заңдардың бастауы, тірегі - Ата заң. Оның талаптарына сәйкес келмейтін, алғышарттарына қарсы қағидалар дәйектелген кез келген заңның күші жойылады. Бұл елдегі заң үстемдігінің басты шарты.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында еліміздің саяси, құқықтық және әлеуметтік жүйесінің негіздері терең әрі айқын баяндалады: «Қазақстан Республикасы - демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы - адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары».

Бұл бапта көрсетілген төрт бағытта еліміздің мемлекеттілік ұстанымдарын айқындап қана қоймай, әрбір азаматтың өміріне, құқықтары мен бостандықтарына деген құрмет пен қамқорлықты білдіреді. Демократиялық мемлекет болу ұғымы тек құқықтар мен бостандықтардың кепілдігі ғана емес, сонымен қатар елдің әлеуметтік құрылымында азаматтардың еркін пікір білдіруі.

Біріншіден, бұл жерде демократия тек заңмен емес, қоғамның санасымен және жүрегімен қалыптасады. Қазақстан Республикасы әрбір

азаматына таңдау еркіндігі мен дауыс беру құқығын береді, ал бұл өз кезегінде ел өмірінің дамуына толықтай мүмкіндік береді.

Екіншіден, зайырлы мемлекет қағидасы еліміздегі дін мен мемлекеттің арасындағы шекараны айқындайды. Бұл принцип қоғамның діни сенімдер мен көзқарастардың әртүрлілігін құрметтейді, бірақ сонымен бірге мемлекеттік басқару жүйесінің тек қана азаматтық, құқықтық және гуманистік құндылықтарға негізделуін талап етеді. Зайырлық қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ете отырып, әр азаматтың діни сенім бостандығын толықтай сақтайды, бірақ діни идеологиялардың саяси жүйеге ықпал етуіне жол бермейді.

Үшіншіден құқықтық мемлекет дегеніміз - заңдардың үстемдігі, әділеттілік үстем болуы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы. Мемлекет өзінің барлық органдары арқылы заңның әділ әрі тең қолданылуын қамтамасыз етуге ұмтылады. Конституцияның бұл қағидасы заң алдында барша азаматтардың теңдігін негізге алады, бұл мемлекет пен қоғамның өзара қарым-қатынасының реттегіші болып табылады. Әрбір адамның құқығы мен бостандығы заңмен қорғалып, оның заңды мүдделері мен мүдделеріне кепілдік беріледі.

Төртіншіден, әлеуметтік мемлекет болу ұстанымы мемлекеттің халықтың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік теңсіздіктерді жою, өмір сапасын жақсарту үшін қажетті барлық шараларды қабылдайтынын білдіреді. Мұнда әлеуметтік әділеттілік, қоғамдағы барлық азаматтың тең құқылығын қамтамасыз ету, жұмыссыздықпен күресу, әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламаларын дамыту маңызды орын алады. Әлеуметтік мемлекет болу принципі - әрбір азаматтың толыққанды өмір сүруін, қоғамның әлсіз топтарының қажеттіліктерін жауап беруді қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабы, осылайша, мемлекеттің құрылымдық және құқықтық негіздерін белгілей отырып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қадірін арттырып, адам өмірі мен оның еркіндігін ең қымбат қазына ретінде қорғайтын мемлекет құрылғанын баяндайды. Бұл мемлекет әрбір өзінің азаматтарының еркіндігі мен әл-ауқаты үшін қызмет етеді, олардың құқықтарын қорғау мен дамыту мақсатында саясатын жүргізеді.

«Заң бар жерде зұлым жоқ» дегендей, Конституция бар жерде әділет бар, бейбіт өмір бар, адам бақыты бар. Конституцияның маңызды ерекшелігі - оның халықтың үміті мен армандарын, мақсат-мұраттарын заң жүзінде бейнелеуі. Бұл құжаттық қабылдануы еліміздің еркіндігі мен тәуелсіздігін паш етіп, халықтың өз тағдырын өз қолында ұстауға мүмкіндік береді.

Ата заң - бұл жай ғана баптар мен тармақтар тізбегі емес, бұл - ұлттың сан ғасырлық тілегі мен еңселді елді аңсаған жүрегінен хабар беріп, тағдырына мұр басқан қасиетті құжат.

Енді Халық Конституциясы 1 шілдеден бастап ресми түрде өз күшіне енеді.

Ел Президенті айтқандай, Жаңа Ата заң - қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы. Жаңа Конституция - көне заманнан бері бабаларымызға бағдар болған дала заңдарының бүгінгі жалғасы, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың көрінісі.

Жұртшылық таңдаған жаңа Конституция Қазақстанның жаңа дәуіріне, жарқын болашаққа жол ашады деп сенеміз.

Еліміз зор сеніммен алға қарай қадам басып келеді. Біздің биік мақсаттарымыз, нақты жоспарларымыз бар. Алдағы уақытта алдымызда тұрған нақты міндеттерді іске асыруға бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып кірісуіміз керек.

Дана халқымыз «Заң бар жерде тәртіп те, тәрбие де, тағылым да бар» деп бекер айтпаған. Сондықтан заң - ел мен жердің қамы, халықтың тағдыры, ұрпақтың болашағы үшін керек. Заң - мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, сондай-ақ жеке өзіміз, отбасымыз бен балаларымыз үшін маңызды.

Егемен елдің тірегі болған Ата заңды білу, оның талаптарын үнемі сақтау баршамыздың азаматтық міндетіміз. Құқықтық мемлекет құрып, өркендетті ел болу - заңды сыйлаудан басталады.

Ата заңын ардақ тұтқан елдің болашағы жарқын береке-бірлігі мәңгілік болғай!

А. ТІЛЕМІСОВ
Заң ғылымдарының магистрі

22 НАУРЫЗ – ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ!

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ - НАУРЫЗ

Барлық жақсылықтың бастауы болған әз-Наурыз мерекесі – алты Алаштың басын қосқан берекелі мереке. Наурыз – барша қазақстандықтардың ортақ той-думан. Наурыз – достық пен еркіндіктің мерекесі. Наурыз салауатты өмірдің салтанаты. Наурыз – қаңқылдап қаздар келетін, қырларда қызғалдақ бүршік атып, Табиғат-ана гүл көрпеге оранатын көктем айы. Айшықты күні халық көктемнің шұғылалы күнін зор қуанышпен қарсы алып шатшадыман күй кешеді.

Наурыз – әлемдегі ең көне мейрамдардың бірі. Ғасырлар қойнауынан жеткен ұлы жаңғырық. Орта Азия елдері бұл мерекені 5 мың жылдан аса уақыт атап өтіп келеді. Наурыз мейрамы заманауи



Наурыз көже. Жеті түрлі дәмнен дайындалған Наурыз көжеден ел дәм татып, абыз ақсақалдардан бата алған. Ал, Наурыз көже ішкен адамдарға сәттілік күлімдеп, денсаулығы жақсарып, отбасы

сипатта, ерекше атап өтудің «Наурызнама» атты онкүндігі жарияланған болатын. Осы күндері ұлттық құндылықтарымыз бен дәстүрлеріміз, ұлттық болмысымыз жаңа сипатта дәріптеле бастады. Қазіргі таңда бұл бастаманы барынша жанданып жатыр.

14 наурыз – Көрісу күнінен бастау алған Наурыз мерекесіне біздің университетіміз де бір кісідей ат салысты. Онкүндік аясында ұлттық құндылықтарымыз бен дәстүрлеріміз, ұлттық болмысымыз дәріптелді.

Атап айтқанда, «Мәдениет және салт-дәстүр» күнін Мәдениет және өнер кафедрасы, «Ұлттық киім» күнін Экономика және құқық факультеті, «Жаңару» күнін Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультеті, «Ұлттық спорт» күнін Денешынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеті, «Ынтымақ» күнін Жаратылыстану факультеті, «Жыл басы» күнін Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті, «Тазару» күнін Технологиялық факультетінің профессор-оқытушылары мен қызметкерлер үлкен ықыласпен ұйымдастырып өткізе білді.

Барлық мерекелік шараларға Басқарма Төрағасы – Ректор Ләззат Еркінбаева арнайы қатысып, университет ұжымын, іс-шараға қатысушыларды Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесімен құттықтады.

«Табиғат-ананың түрленіп, күн мен түн теңесіп, халқымыздың алдағы күндерден зор үміт күтер сәті – осы Наурыз мейрамы. Наурыз – табиғатпен бірге тіршілік жаңарып, құт-береке еселенетін мереке. Наурыз – жаңалық пен игіліктің, молшылық пен құт-берекенің жаршысы. Бұл мереке әрқайсымызға жаңа үміт, жаңа мақсаттар мен жарқын жетістіктерге жол ашады. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер оқу орнының тұрақты дамуына, жас ұрпақтың сапалы білім мен тағылымды тәрбие алуына зор үлес қосып келеді. Алдағы уақытта да бірлесейік»

Барлық мерекелік шараларға Басқарма Төрағасы – Ректор Ләззат Еркінбаева арнайы қатысып, университет ұжымын, іс-шараға қатысушыларды Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесімен құттықтады.

«Табиғат-ананың түрленіп, күн мен түн теңесіп, халқымыздың алдағы күндерден зор үміт күтер сәті – осы Наурыз мейрамы. Наурыз – табиғатпен бірге тіршілік жаңарып, құт-береке еселенетін мереке. Наурыз – жаңалық пен игіліктің, молшылық пен құт-берекенің жаршысы. Бұл мереке әрқайсымызға жаңа үміт, жаңа мақсаттар мен жарқын жетістіктерге жол ашады. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер оқу орнының тұрақты дамуына, жас ұрпақтың сапалы білім мен тағылымды тәрбие алуына зор үлес қосып келеді. Алдағы уақытта да бірлесейік»

«Табиғат-ананың түрленіп, күн мен түн теңесіп, халқымыздың алдағы күндерден зор үміт күтер сәті – осы Наурыз мейрамы. Наурыз – табиғатпен бірге тіршілік жаңарып, құт-береке еселенетін мереке. Наурыз – жаңалық пен игіліктің, молшылық пен құт-берекенің жаршысы. Бұл мереке әрқайсымызға жаңа үміт, жаңа мақсаттар мен жарқын жетістіктерге жол ашады. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер оқу орнының тұрақты дамуына, жас ұрпақтың сапалы білім мен тағылымды тәрбие алуына зор үлес қосып келеді. Алдағы уақытта да бірлесейік»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы 5 қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған «Тауелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады» десе, өткен 2024 жылы қаңтар айында аталмыш газетке берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қаруымыз керек» атты сұхбатында «Өзіміздің төл жаңа жылымыз – Әз Наурызды естен шығармаған жөн. Бұл мейрам – тіршілікті түлете келетін нағыз табиғи жыл басы. Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін» - деген ұлағатты сөзі қастерлі мерекеміздің қадір-қасиетін биіктете түсті.

Мемлекет басшысының бастамасымен 2024 жылдан бері Наурыз мерекесін жаңа

еңбек етіп, биік белестерді бағындыра беретінімізге сенім мол. Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен тағы да құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге табыстар тілеймін. Қызыр Ата әрбір үйге шаттық сыйлап, қуаныш пен бақыт, құт-береке әкелсін. Наурыз мерекесі игіліктің бастауы болып, ел ырысы көбейе берсін. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын» - деп ақжарма тілегін арнаған университет басшысы Ләззат Қалымбекқызы іс-шараға белсене ат салысқан барша азаматтарға шынайы алғысын білдірді.

Мерекелік шаралар барысында сонау көне дәуірден, ғасырлар қойнауынан жеткен ұлы жаңғырық – Наурызды, балалар үнін асқақтатып, оймен оралып, қанға сіңген қасиетті салт-дәстүрлерді еске түсіретін көріністер мен театрландырылған қойылымдар, дәстүрлі ән мен би өнері әрбір шараның көркін арттырды.

Абыз ақсақалдардың ақ батасы мен ақ жаулықты аналардың аналық ақ тілегі ақтарылып жатты. Қазақтың нақыш-тағы киімдері ұлт болмысының сәні мен сымбатын айшықтап, көпшілікке мерекелік қуаныш сыйлады.

Осылайша, іс-шараға қатысқан көпшілік бүкіл Түркі әлемінің сүйікті мерекесі Наурыздың – Ұлыстың ұлы күнінің ұлылығын айтып, дархан халқымыздың гүлдене беруге тілексіздіктерін білдіріп, ұйде мерекені көңілді күйде қарсы алып жатты.

Жылбасы – әз-Наурыз – халқымыздың рухани жан-дүниесін байыта түсті. Бүгінгі жаңарған жасампаз Наурыз мерекесі-үлгі мен өнегеге байлам, тәрбие мен тағылымға түпсіз тамыр болары сөзсіз.

Арайлап жеткен Әз-Наурыз мейрамында ақ мол болып, жылымыз ырысты болсын. Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, бейбітшілік пен келісімнің арқауы болған Ұлыстың Ұлы күні әрбір жанұяға бақ-береке, толағай табыстар әкелсін!



діндер мен көптеген мемлекеттер пайда болғанға дейін шамамен 5 мың жыл бұрын пайда болды.

Наурыз мейрамының тағдыры қазақ жұртының тағдыры тәрізді оңай болған жоқ, талайлы тағдырды бастан өткерді.

Кеңестік жүйе бұл мерекеге 1926 жылдан бастап тоқтау салды. Әдет-ғұрыптар қатарына жатқызылып, «Діни астары бар» деген сылтаумен оны мерекелеуге тыйым салынды.

Дегенмен, тілегін тілімен емес, жүрегімен айтатын жұрт 1988 жылы мейрамға қайта қауышты. Ұлыстың ұлы күні - Наурыз қазақ даласында қайта жаңғырды. Ал, 1991 жылдың 15 наурызында Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Президентінің қаулысымен Наурыз мерекесі мемлекеттік мәртебеге ие болды. Осы уақыттан бастап Әз-Наурыз мемлекетіміздің мерейлі мерекесіне айналып, республика бойынша кеңінен тойланып келеді.

2010 жылғы 19 ақпандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 64-сессиясында «Әлем мәдениеті» бағдарламасына сәйкес «Халықаралық Наурыз мерекесі» деп аталатын қарар қабылданды. Сөйтіп, мереке Біріккен Ұлттар Ұйымымен мойындалды.

Қазақтар 22 Наурыз күнін - Ұлыстың ұлы күні деп айрықша бағалаған. Бұл күн күн мен түннің теңесіп, жақсылық пен жарастықтың, шаттық пен шапағаттың, қайырымдылық пен игіліктің бастау алар күні. Наурызды неғұрлым жомарттықпен атап өтсең, келер жылдың шапартаты соғұрлым көп болады делінген. Мерекелік дәстүрлер мен нысандардың көл-көріс мол болуы да осында жатыр. Бұл күн қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Ол күні қар не жаңбыр жауса, «нұр жауды», «туар жыл жақсы жыл болады» деп қуанған. Аңыз-жырларымызда арудың сұлулығы мен жібектей мінезін наурыздың ақ қарымен теңеген.

Парсы тілінде Наурыз «жаңа күн» деп аударылады. Бұл күні табиғат жаңарып, тіршілік оянады, көктемнің алғашқы найзағайы ойнап, көк шығайды деп саналған. Бұл күні тұрғындар алдымен үйдің ішін-сыртын, айналасын, сондай-ақ, бұлақ, бастау, құдықтардың бетін ашып, тазартады. Дәл мереке күні бүкіл ауыл ел болып, әсіресе жастар жағы таң шапағатын қарсы алғаннан кейін, «Бұлақ көрсең, көзін аш» деп айнала төңіректегі бастаулардың көзін аша, «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын!», «Бір тал кессең, он тал екі!» деген қариялар бұлақ басына тал егеді. Аналар атып келе жатқан Күнге тәу етіп, «Армысың, қайырымды Күн-Ана!» деп иіліп сәлем береді, «Кеудесі түкті Жер-Ана, құт дарыт, жарылқа!» деп ашылған бұлақ көзіне май құйып, жаңа егілген ағаштарға ақ бүркеді.

Наурыз мейрамының басты тағамы



ЖЫЛҚЫ – КИЕЛІ ЖАНУАР

Биылғы 2026 жыл қазақтың мүшел есебінде жылқы жылы деп аталады. Қамбар ата түлегін қастерлеген халқымыз үшін жылқы – киелі, айрықша мәні бар жануар. Жылқы жылы шығыс күнтізбесінде жылан жылынан кейін.

Қазақ өзін «жылқы мінезді» халық деп таниды. Себебі жылқы – бауырмал, адал әрі кек сақтамайтын жануар. «Жылқы кісіненкенше, адам түсініскенше» деген тәмсіл де осыдан шыққан. Ежелден ат жалында өскен ел үшін жылқы – тек көлік емес, тұтас мәдениет пен өмір салтының айнасы. Батырлар жырында тұлпар ердің серігі ретінде суреттелсе, күнделікті тұрмыста да ат мінгізу – сый-құрметтің белгісі болған. Тіпті елтаңбада да пырақ бейнесі бар.

Жылқы – қазақ халқының ерекше қадір тұтатын жануарының бірі де бірегейі. Оны ең алғаш қолға үйреткен де қазақ. Халқымыздың қазақы болмысын айқындайтын құндылық және ежелгі көшпелі халық болғанымызды білдіретін басты нышан – қазақ жылқысы. Жеті қазынамыздың біріне баланған жануардың жұрт біле бермейтін қасиеттеріне үңілгенді жөн көрдік.

Жылқының басты қасиеті сол – туған жері мен жүрген жерін ешқашан ұмытпайды. Көзі күндіз-түні бірдей көретіндіктен, түнде айналасын жұлдызға қарап барлап жүреді, әрі айналасын түгелдей бақылай алады. Аңғасы кеуіп, шөлдеп тұрса да лай су ішпейді. Тіпті ағын судың өзін кешіп жүріп, тұмсығын суға батырып барып, тұнық жерінен таңдап ішеді. Сондықтан да болар, оның еті ерекше дәмді болады. Ғалымдар жылқының етінің 17 түрлі ауруға ем болатынын дәлелдеген.

Бие сүтінің пайдасы ана сүтіне жуықтау. Осындайда бабаларымыздың сәбилерді қымыз сүтімен өсірген көрегендігіне таң қаласын.

Қазақ халқы балаларын бес жастан бастап атқа мінуді үйрете бастағаны белгілі. Сол сәттен бастап ат үстіндегі бала ерекше шабыттанып, ержете бастайды. Ата-бабаларымыз турашыл, жүректі, еркін, шалт қимылдайтын адамды «жылқы мінезді» деп атаған. Бабаларымыз «жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек. Жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір бөлек» деп бекер айтпаған.

Жылқының еркегі «айғыр» – өз үйірін бастап, оны қорғай алуы шарт. Себебі егесінің аманатын арқалаған жануар үйірі үшін басын бәйгеге тігеді.

Кереметі сол, айғыр құлынның туылған сәттегі кісінеген үнін ешқашан ұмытпайды. Сәйкесінше, осындай қасиет құлынына да дариды. Осы жерде жылқы жасына ден қойған жөн секілді.



Атап айтар болсақ, жылқының жас төлін – «құлын», құлынның алты айдан асқан шағын – «жабағы», ал бір жастан асқанын – «тай», екі жастан асқанын – «құнан», үш жастағысын – «дөнен», төрт жастан асқанын – «бес-ті» дейді. Ал ұрғашыларды тайға дейін бірге аталады да, одан кейін өзгеше айтыла бастайды.

Мәселен, екі жасарды – «құнажын», үш жасарын – «дөнежін», үштен асқанды – «дөнежін байтал», төрттен асқанды – «бесті бие», жеті-сегізге келгенін – «қасабалды бие», он бір-он төрт жастағыны – «кәрімтас бие», жиырмадан асқанды – «жасаған бие» деп атайды. Жалпы, жылқы жануары 25-30 жыл өмір сүреді.

Қазақ жылқыларының тұқымын қалыптастыру сол дәуірде басталып, мыңдаған жылдар бойы жалғасып келеді. Қазіргі уақытта медицина мамандары атқа мінгенді адам денсаулығы үшін өте пайдалы екенін айтып жүр.

Ұлттық ойындарымыздың дені де осы атпен тікелей байланысты. Мәселен, көкпар, жамбы ату, аударыспақ, теңге алу, қыз куу, аламан бәйге, тоқ бәйге, құнан бәйге, жорға жарыс, тай жарыстар бір жағы спорттық шара болса, екінші жағынан тосын оқиғаларға қарсы жаттығу алаңы іспетті.

Жылқыны қадірлеген ұлтымыз баласын – «құлыным» деп еркелеткен.

Бұл үрдіс қазірге дейін жалғасуда. Қаратай, Құнанбай, Денентай, Жылқыбай секілді кісі есімдері де халқымыздың жылқыны құрмет тұтқанынын нақты дәлелі болса керек. Байшұбар, Тайбурыл, Құлагер секілді жануарлар да өткен күннің тарихынан сыр шертіп, адамның жан серіктеріне айналды.

Қазақты танауда жылқының алатын орны айрықша. Жалпы халқымыз үшін жылқы қастерлі. Тіпті ер жігіттерге «ат жалын тартып мінген», «ат құлағында ойнайды» деп мақтау айтады. Жылқы иесі – Қамбар ата, қазақтың сенім-нанымында жылқы малының пірі. Кейбір аңыздарда Қамбар ата есімі Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың күйеу баласы Әзірет Әлінің атбегі болған Ганбар есімді тарихи тұлғамен байланыстырылады.

Жылқыны түріне қарай жүк жылқысы, мініс жылқысы, жазық дала жылқысы, тау жылқысы, солтүстік дала жылқысы болып келеді.

Дүние жүзінде жылқының 250-дей түрі бар болса, Қазақстанда жылқының 20-ға жуық түрі өсіріледі. Ертеден өсіріліп келе жатқан қолтұқымның бірі – қазақ жылқысы. Оның «жабы» деп аталатын түрі де бар. Бұл тұқым көлік ретінде және еті мен сүті пайдалануға өсіріледі. Олардың ерекше қасиеті – суық ауа райына төзімді. Жайылым, жем-шөп талғамайтын, мінуге көнбіс.

Жер жүзінде жылқының жасын, мінез-құлқын, түр-түсін, қадір-қасиетін, бәрінен артық білетін халық болса, ол – қазақ. Ат ән мен күйге де арқау болды. «Маңмаңкер», «Ақ бақай», «Сал торы», «Қара жорға» сынды әндер, «Құлжагер», «Тел қоңыр», «Қос күрен», «Көк дөнен» сияқты күйлер өмірге келді.

Жылқы – киелі жануар. Қазақтар жылқыны ұрып-соғу былай тұрсын, оның киесі атады деп, желіден, жылқышы ұстайтан құрықтан аттап өтпейді.

«Бақан аттаған жарымайды» деген сенім бар. Жылқыға байланысты салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдар өте көп. Қазақ халқы жылқыны жеті қазының бірі санап, оны киелі деп есептеп жыл қайыруда жетінші орын берген.

Қазақтың сән-салтанатының көркі де – жылқы.

Сондықтан да бүгінгі жас ұрпақтың келешегі кемел, туған елін жан-тәнімен сүйетін, рухы биік азамат болып ержетуі үшін ұлттық тәлім-тәрбие беруде жас буының жылқы тұлғі туралы танымын байыту – бүгінгі күннің талабы.

Жылқы – қазақ өркениетінің өзегін құраған қасиетті тұлкі. Көшпенді өмір салты қалыптасқан сәттен бастап адам мен арғымақтың тағдыры біте қайнасты. Ұлан-ғайыр даланы еркін игеруге мүмкіндік берген де, ұлттық мінезі мен болмысын айқындаған да жылқы. Сол себепті қазақ үшін ат жай ғана көлік емес, рухани серік, тарихи жадтың тірі белгісі болды.

Көшпенділерді «аттылар өркениеті» деу тегін емес. Тұрмыс тіршілік, салт-дәстүр, әскери өнер мен мәдениет түгелдей жылқымен байланысты дамыды. «Ер қанаты – ат» деген даналық та осыны аңғартады. Батырлар жырындағы Тайбурыл, Байшұбар, Кубас, Көкдөнен сынды тұлпарлар - халық жазында сақталған рухани символдар.

Ежелгі сақ дәуірінен бастап-ақ жылқы айрықша құрметке ие болды. Тарих деректерінде ат әбзелдерінің алтымен атпағаны, тұлпарлардың ерекше күтім көргені айтылады.

Қазақ хандары мен батырлары мінген аттарына ат қойып, оларды ерлік пен елдіктің серігі санаған. Қазақ үшін жылқы – төрт түліктің төресі ғана емес, ұлттық сана мен рухтың ажырамас бөлігі. Ат дүбіріне елдемейтін, тұлпарға тағзым етпейтін қазақ кемде-кем.

Сондықтан жылқы бейнесі өткеннің емес, бүгінгі болмыстың да айнасы, тұтас тарих, рух пен мәдениеттің көрінісі.

Ертеде ата-бабаларымыз алыс сапарға шығу, көш-қон немесе сауда жасау секілді маңызды істерді жылқы жылына жоспарлаған. Себебі бұл жылды береке мен несібе мол болатын, еркіндік пен өр рухтың жылы деп қабылдаған.

Олай болса, биылғы жыл береке мен несібенің, жақсылықтың бастауы болғай!

А. ТІЛЕМІСОВ
«Университет тынысы»
газетінің редакторы

ТАНЫМ

МЫРЗА МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551) есімінің, мұраларының елге оралуы ХХ ғасырдың 90-жылдарының соңындағы қазақ руханиятындағы зор жаңалық болды. Бұл жөнінде Тараз мемлекеттік университетінде өткен «Қазақстанның көне және ортағасырлық тарихының проблемалары» атты ІІ Халықаралық оқуларында (18-20 қыркүйек, 1998 ж.) сөйлеген сөзінде сол кездегі ҚР Мемлекеттік хатшысы, көрнекті жазушы Ә. Кекілбаев арнайы атап өтті.



«Қоғамымыздың рухани өміріндегі аса бір айтулы оқиғаға куә болып отырмыз. Атын бүгінде әлем білетін Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің мүшелді жылы өз елінде алғаш рет аталып отыр. Бұл – Әбу Нәсір әл-Фарабидің мыңжылдық салтанатынан кейінгі екінші бір ерекше жағдай.

Бақсақ, ғасырлар бойы өз байлығымыздың қызығын өзіміз көре алмай келіппіз. Өз қазынамыздан өзіміз қол үзіп қалыппыз. Өз жақсыларымызды ағалаудың орнына кей ретте кісі ағасын көбірек жағалап кетіппіз. Сүйтіп өзімізді өзіміз жете білмейтін, жете танымайтын жағдайға жетіппіз. Бүл- тек отаршылдық саясаттың ғана емес, сол қалыптастырған бодандық сананың өрескелдігі еді» деп жазды ол.

Шындық осылай еді. Танымал ғалымдар Дулати туралы жазып, әйгілі «Тарих-и Рашиди» еңбегіне сілтемелер жасағанмен, халық даңқты бабасынан, оның өмір жолы мен тағдырынан бейхабар болды.

1542-1546 жылдар шамасында Кашмирде жазған «Тарих-и Рашиди» еңбегінде ол Орталық Азия халықтарының XIV ғасырдың екінші жартысынан XVI ғасырдың 50-жылдарының басына дейінгі тарихы, этнографиясы мен мекен еткен аймақтары, әдебиеті мен өнері, белгілі тарихи тұлғалары туралы қалам тартты. Академик Ә. Дербісәлінің дерегі бойынша бұл еңбек XVI ғасырда 3 рет, XVII ғасырда 5 рет, XVIII ғасырда 3 рет, XIX ғасырда 12 рет көшірілген.

Қолжазбалары Ресейдің Ғылым академиясы Москва шығыстану институтының Санкт-Петербург бөлімінің қолжазба қорында, Санкт-Петербург университеті кітапханасының шығыс бөлімінде, Өзбекстанның Әбу Райхан әл-Бируни атындағы Шығыстану институтының қолжазба қорында, Тәжікстан Ғылым академиясы Шығыстану институтының қолжазба қорында, Индия Бенгалияның Азия қоғамдастығы, Калькуттада, Хайдарабад орталық кітапхана қолжазбалар қорында, Әлигарх мұсылман университетінің кітапханасында, Сринагар университетінің кітапханасында, Пәкістан Пенджаб университетінің кітапханасында, Иран Исфаһан қалалық көпшілік кітапханасында, Англия Британ музейі Лондон қолжазба қорында, Лондон «Индия офис» кітапханасында, Оксфорд Бодлиан кітапханасында, Кэмбридж университетінің кітапханасында, Азия қоғамдастығының кітапханасында, Франция Ұлттық кітапханасында сақталып, әлем ғалымдарының назарына іліккен.

Бұл еңбекті ағылшындар XIX ғасырда Үндістаннан тауып, Эдвард Дэнисон Росстың аудармасымен 1895, 1898 жылдары Лонданда кітап етіп бастырған. Бірақ бұл басылымдар толық нұсқасы емес, қысқартылған нұсқа еді. 1996 жылы өзбек ғалымдары А. Урунбаев, Р.П. Джалилова, Л.М. Епифанова орыс тіліне алғаш рет аударып, Ташкентте Өзбекстан ҒА-ның «Фан» баспасынан кітап етіп шығарды. Бұл қолжазбаның толық нұсқасы болатын. Дулатитанудың кең қарымда дамуына кітап ерекше серпін берді.

Дулати еңбектерінің зерттелуінде үндістандық ғалымдардың орны ерекше. Амин бин Ахмад Разы 1593-1594 жылдары жазған «Хафт Иклим» еңбегінде Мұхаммед Хайдар туралы айта келіп, еңбегінен үзінділер келтірген. Әбу-л Фазл Аллама (1551-1602) «Ақбар нама» еңбегінде ұлы ғалым туралы айтса, Фиришта (Мұхаммед Касым Хиндушар) (1552-?) «Хайдар мырза түрік» деп жазған. Мұхаммед Азам (XVIII ғасыр) Кашмир өлкесінің тарихын ғалымның еңбегіне сүйеніп жазса, Абдулла «Тарих-и Дауди» еңбегінде қысқа да нұсқа баға береді.

Қазіргі уақытта Нью-Делидегі Джавахарлал Неру университетінің профессоры Мансура Хайдар ханымның зерттеулері ерекше маңызға ие. Ол Үндістанның түрлі қолжазба қорлары мен кітапханаларында сақтаулы үнді және парсы тілдеріндегі деректерді жинап, кітап етіп басып шығарған. Кітап 2010 жылы «Мирза Мұхаммед Хайдар Дулати в персидских источниках» деген атпен Алматыда орыс тілінде жарық көріп, 2011 жылы Нью-Делиде, 2015 жылы Астанада автор Мансура Хайдардың және профессорлар Ә.Дербісәлі, С.Ф.Мажитовтың қатысуымен тұсауы кесілді.

Дулати мұраларының зерттелуінде қазақ ғалымдарының орны ерекше. 1362 жылдан 1554 жылға дейінгі Орталық Азия тарихынан көп мәлімет беретін аса құнды кітап Еуропада тек аты ғана аталып, Петербургтегі қолжазбаның әлі күнге дейін игерілмей жатқанын қысқылға айтқан Шоқан Уәлиханов Ресейде ғажайып мұраны алғаш зерттеп, ғылыми айналымға енгізген ғалым болды. Ол 1861 жылы Петербургте жарық көрген «Очерки Джунгарий» атты еңбегінде кітаптың бірінші бөлімі Қашқар хандары Тоғлық Темірден бастап, Шыңғыс ханның ұрпағынан Рашид ханға дейінгі тарихты қамтитынын, екінші бөлімі мемуар түрінде автор естеліктерінен тұратынын көрсетіп, өзге де бағалы пікірлерін білдірді.

Ұлы тарихшы жөніндегі екінші іргелі еңбек академик Әлкей Марғұланның 1941 жылы «Әдебиет және искусство» журналының 4-санында жарияланған «Мұхаммед Хайдар Дулати – қазақтың тұңғыш трихшысы» атты мақаласы болды. Ол «Күншығыс әдебиетінің іргелі салаларын ақтарып отырсаңыз, Мұхаммед Хайдардың кім болғаны, оның адамшылық тұлғасы көз алдыңызда суреттеліп, бұл кісі де сол кездегі Мір Әлішер Науаи, Бабур сияқты Орта Азия көлемінен шыққан атақты данышпан, ғалым, жазушылардың бірі екенін көресіз. Бұл кісінің сәулетті даңқын дүниежүзіне әлпештап таратқан, әсіресе оның парсы тілінде жазылған – «Тарих-и Рашиди» деген кітабы. Бұл кітап бүгінде барлық мәдениетті елдердің тіліне аударылып, мәңгі өшпейтін дүниежүзілік әдебиет мұрасының бірі болып отыр.

Мұхаммед Хайдар туысы жағынан ұлы жүз дулаттардан тарайды» деп жазды. Одан әрі оның ата тегін тарата жазды.

Мұхаммед Хайдар Дулати – ең алдымен, тарихшы. Сөз жоқ, ол – ұлы тарихшы. Бірақ оның тарихшылығымен қатар, өз заманының дарынды жазушы болғанын да бірінші кезекте айтылуы қажет. «Жаһан наме» дастаны – ақындық қуатын танытатын көрнекті шығармасы.

Тарихшылық пен жазушылық – М.Х. Дулатидің қос қанаты тәрізді.

Сәмен ҚҰЛБАРАҚ,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР Жазушылар одағының мүшесі.

М.Х. ДУЛАТИДІҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ» ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ-РУХАНИ МАҢЫЗЫ ЗЕРДЕЛЕНДІ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде тарих ғылымдарының өзекті мәселелеріне арналған ғылыми бағыттағы зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Соның бірі - «Дулатитану және өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы, PhD доктор, қауымдастырылған профессор Мақсұтова Альбина Әбенқызының «М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» шығармасын зерттеушілердің еңбектері: тарихи-рухани сабақтастығы» атты ғылыми мақаласы.

Аталған еңбекте ортағасырлық ұлы ойшыл, тарих-

шы Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» шығармасының тарихи, ғылыми және рухани құндылығы жан-жақты талданған.

Автор бұл еңбектің тек қазақ тарихы үшін ғана емес, Орталық Азия, Үндістан, Ресей және өзге де елдердің тарихнамасы мен деректану ғылымындағы маңызын айқындайды.

Зерттеу барысында «Тарих-и Рашиди» еңбегін әр кезеңде зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдары сараланып, олардың еңбектері арқылы тарихи сабақтастықтың жалғастығы

көрсетілген.

Атап айтқанда, В.В. Бартольд, Ш. Уәлиханов, Әлкей Марғұлан, С. Аспандияров сынды көрнекті тұлғалардың еңбектеріне сүйеніп отырып, Дулати мұрасының ғылыми айналымдағы орны айқындалған.

Сонымен қатар мақалада тәуелсіздік кезеңіндегі маңызды методологиялық ұстанымдар негізінде «Тарих-и Рашиди» еңбегінің қайта бағалануы, оның қазақ хандығы тарихын зерттеудегі негізгі дереккөздердің бірі ретіндегі рөлі ерекше атап өтіледі.

Ғылыми жұмыс тарихи-салыстырмалы және мәтіндік талдау

әдістеріне негізделіп, тарихи деректердің шынайылығы, әлеуметтік табиғаты мен ғылыми құндылығы терең қарастырылған.

Бұл зерттеу жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруда, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде және отандық тарих ғылымын дамытуда маңызды үлес болып табылады.

Альбина Мақсұтова
PhD доктор,
қауымдастырылған профессор
«Дулатитану және өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ФИЗИКА МАМАНДЫҚТАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ РӨЛІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ



Цифрлық технологиялар қарқынды дамыған ХХІ ғасырда білім беру жүйесі де түбегейлі өзгерістерді бастан кешіруде. Соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) – ғылым мен өндірісте ғана емес, жоғары білім беру саласында да маңызды құралға айналып отыр. Әсіресе математика мен физика сияқты логикалық ойлауды, терең талдауды және дәл есептеуді талап ететін мамандықтарды оқытуда жасанды интеллекттің мүмкіндігі зор. Бұл технология оқу үдерісін жетілдіріп қана қоймай, болашақ ғалымдар мен инженерлерді даярлаудың жаңа кезеңін қалыптастыруда.

Математика мен физика пәндері көп жағдайда абстрактілі ұғымдарға, күрделі формулалар мен теорияларға негізделеді. Әр студенттің қабылдау деңгейі, дайындық базасы, ойлау жылдамдығы әртүрлі болғандықтан, дәстүрлі оқыту тәсілі кейде барлығына бірдей тиімді бола бермейді. Жасанды интеллект негізіндегі білім беру платформалары студенттің білім деңгейін талдап, жеке оқу траекториясын құра алады.

Мысалы, студент дифференциалдық теңдеулерді шешуде немесе сызықтық алгебра тақырыптарында жиі қате жіберсе, жүйе сол тақырыптарға қайта оралып, қосымша тапсырмалармен түсіндірмелер ұсынады. Ал физикада механика заңдарын немесе электр өрісінің қасиеттерін түсінуде қиындықтар туындаса, интерактивті модельдер мен бейнелік симуляциялар арқылы түсіндіру жолдары ұсынылады. Мұндай тәсіл білім алушының оқылықтарын уақыты анықтап, оны жүйелі түрде түзетуге мүмкіндік береді.

Физика ғылымында тәжірибе – теорияның дәлелі. Алайда барлық құбылысты зертханада көрсету мүмкін емес. Мысалы, атом ішіндегі процестерді, ғарыштағы құбылыстарды немесе кванттық деңгейдегі өзгерістерді тікелей бақылау қиын. Осындай жағдайда жасанды интеллектке негізделген виртуалды зертханалар үлкен рөл атқарады.

Компьютерлік модельдеу арқылы студенттер гравитациялық өрістің өзгерісін, электромагниттік толқындардың таралуын немесе жылу алмасу процестерін көрнекі түрде бақылай алады. ЖИ алгоритмдері күрделі есептеулерді автоматты түрде жүргізіп, нәтижені визуалды форматта ұсынады. Бұл білім алушылардың теорияны терең түсінуіне, ғылыми пайымдау қабілетін дамытуына ықпал етеді.

Математика саласында да модельдеу маңызды. Мысалы, статистикалық деректерді өңдеу, ықтималдық теориясы бойынша болжам жасау немесе күрделі функциялардың графиктерін салу барысында ЖИ құралдары есептеу уақытын қысқартып, нақты нәтижелер алуға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарында студенттер тек теорияны меңгеріп қана қоймай, ғылыми зерттеу жұмыстарымен де айналысады. Жасанды интеллект үлкен көлемдегі деректерді өңдеуде, күрделі модельдер құруда және нәтижелерді талдауда таптырмас құрал болып отыр.

Мысалы, физикада эксперимент нәтижелерін талдау барысында мыңдаған өлшеу деректері жиналады. ЖИ алгоритмдері осы деректерді жылдам саралап, заңдылықтарды анықтай алады. Ал математикада нейрондық желілер күрделі функцияларды жуықтау немесе оңтайландыру есептерін шешуде тиімді қолданылады. Бұл студенттерге заманауи зерттеу әдістерін меңгеруге жол ашады.

Сонымен қатар, жасанды интеллект ғылыми мақалалар мен дереккөздерді талдап, қажетті ақпаратты тез табуға көмектеседі. Бұл зерттеу жүргізу уақытын үнемдеп, нәтижелілікті арттырады.

Оқу процесінде білімді бағалау маңызды кезеңдердің бірі. Жасанды интеллект автоматтандырылған тәсілге жүйелері арқылы студенттердің білімін жылдам әрі әділ бағалауға мүмкіндік береді. Әсіресе математикалық есептерді тексеруде қадамдық талдау жасап,

қай жерде қате кеткенін көрсетуі – үлкен артықшылық.

Физика есептерінде формуланы дұрыс қолдану, өлшем бірліктерін сақтау, логикалық қорытынды жасау секілді кезеңдер бар. ЖИ осы сатыларды талдап, студентке нақты кері байланыс береді. Мұндай жүйе білім сапасын арттырып, студенттің өз бетімен жұмыс істеуіне ынталандырады.

Жасанды интеллекттің дамуы оқытушының орнын алмастырады деген пікірлер бар. Алайда іс жүзінде ЖИ – мұғалімнің көмекші құралы ғана. Ол есеп тексеру, материал дайындау, статистикалық талдау жасау сияқты техникалық жұмыстарды жеңілдетеді. Нәтижесінде оқытушы шығармашылыққа, ғылыми зерттеуге және студентпен жеке жұмыс жасауға көбірек уақыт бөле алады.

Математика мен физикада теориялық тұжырымдарды түсіндіру, күрделі мәселелерді талқылау, ғылыми көзқарас қалыптастыру – адам факторы қажет ететін үдеріс. Сондықтан жасанды интеллект пен оқытушының үйлесімді жұмысы білім сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Жасанды интеллектті қолданудың артықшылықтарымен қатар белгілі бір қауіптері де бар. Студенттер дайын шешімдерге шамадан тыс сүйеніп кетсе, өздігінен ойлау дағдысы төмендеуі мүмкін. Сондықтан ЖИ құралдарын тиімді әрі жауапкершілікпен пайдалану маңызды.

Сонымен қатар, деректер қауіпсіздігі, академиялық адалдық, ақпараттың дұрыстығы сияқты мәселелер де назардан тыс қалмауы тиіс. Білім беру мекемелері ЖИ қолдану ережелерін нақтылап, оны оқу процесіне дұрыс енгізуі қажет.

Алдағы жылдары жасанды интеллект одан әрі дамып, білім беру жүйесіне тереңірек енетіні анық. Интерактивті оқулықтар, интеллектуалды көмекшілер, автоматтандырылған ғылыми талдау жүйелері – мұның барлығы математика мен физика мамандарын даярлаудың сапасын арттыруға ықпал етеді.

Болашақта студенттер тек формулаларды жаттап қана қоймай, оларды өмірлік және өндірістік мәселелерді шешуде қолдана алатын деңгейге жетуі тиіс. Бұл мақсатқа жетуде жасанды интеллект – сенімді серіктес.

Осы орайда, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Қолданбалы математика және физика» кафедрасы заманауи трендтермен үндес отырып, білім беру үрдісіне озық технологияларды белсенді енгізуде. Кафедраның 6805413 – «Математика және математиканы оқыту» және 6805311 – «Физика» білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарына:

- «Жасанды интеллект: принциптері мен қолданылуы»,
- «Математикадағы цифрлық технологиялар»,
- «Мамандықтың кәсіби-қолданбалы бағдарламалары» сияқты

іргелі пәндер енгізілген. Бұл курстар студенттердің теориялық білімін жасанды интеллект мүмкіндіктерімен ұштастырып, цифрлық дәуірдің талаптарына сай кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға бағытталған.

Қорыта айтқанда, заманауи білім беру жүйесінде жасанды интеллект пен адам еңбегінің үйлесімділігі ғана болашақ бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыра алады. Кафедраның бұл қадамдары – ғылым мен технологияның тоғысқан жерінде сапалы кадрлар даярлаудың жарқын келілі.

Егемберді Шынар Қанатқызы,
магистр, аға оқытушы
Дүйсебаева Гүлжан Касинбайқызы,
магистр, аға оқытушы
Қолданбалы математика және физика кафедрасы

СПОРТ

ДУЛАТИ СТУДЕНТТЕРІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАРДА ЖОҒАРЫ
НӘТИЖЕЛЕР КӨРСЕТТІ

Дулати университетінің студенттері 2026 жылдың алғашқы айларында өткен республикалық және халықаралық деңгейдегі бірқатар беделді спорттық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетіп, университет абыройын асқақтатты.

Әртүрлі спорт түрлері бойынша бақтарын сынаған студенттер жүлделі орындарды иеленіп, еліміздің спорт саласындағы жетістіктеріне өз үлестерін қосты.

Атап айтқанда, 22-27 қаңтар аралығында Астана қаласында өткен пара пауэрлифтингтен Қазақстан Республикасының командалық және жастар арасындағы чемпионатында Ерсен Станбек ересектер арасындағы жарыста III орынға ие болып, «Mix team» командалық жарысында I орын жеңіп алды.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері» Айжан Беримкулова әйелдер арасында жалпы сумма бойынша I орын иеленіп, «Mix team» командалық сайысында II орын иеленді.

Спорттың жекпе-жек түрлері бой-



ынша да Дулати студенттері жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтқанда, Ахмед Ахмедов 17 ақпанда Қостанай қаласында өткен пара дюдодан Қазақстан Республикасының чемпионатында III орын иеленді.

Ал, Қазақстан Республикасының спорт шебері Омар Әбдіқапар 30 қаңтар - 4 ақпан аралығында Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында өткен қол күрес жарысында Әлем кубогында I орын иегері атанып, Қазақстан мен университет мерейін үстем етті.

1-6 наурыз аралығында Астана қаласында өткен бочча спорт түрінен Сұлтанбек Орынбасаровты еске алуға арналған республикалық турнир мен Қазақстан Республикасының Кубогінде де университет студенттері жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтқанда, Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі Дилафруз Махмадулова ВС3 санаты бойынша жекеley ойыннан I орынды және жұптық ойыннан I орынды жеңіп алды.

Ал, Айгерим Танысбаева осы жарыста



жекеley сында I орын, жұптық сында II орын иеленіп, жоғары спорттық дайындық деңгейін көрсетті.

Пара тазквондодан да университет студенттері табысты өнер көрсетті.

6-7 наурыз күндері Қарағанды қаласында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында Ақерке Қапашова Р35 санаты бойынша II орын иеленді.

Ал, Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері Айбек Жұманғали 63 кило салмақ дәрежесінде I орын иегері атанса, Қазақстан Республикасының спорт шебері Бауыржан Кушербаев 63 кило салмақ дәрежесінде II орын иеленді.

Осылайша, Дулати университетінің студенттері республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстарда үздік нәтижелер көрсетіп, оқу орданың ғана емес, Қазақстан спортының да беделін арттыруға өз үлестерін қосып келеді.

Жеңімпаздарды құттықтаймыз! Талантты студенттерге алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, жаңа жеңістерге жететіндеріне сенім білдіреміз!

ДУЛАТИ СТУДЕНТІ ӘЛЕМ
КУБОГІНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

Үстіміздегі жылдың 2-12 наурыз күндері аралығында Черногория мемлекеті, Будва қаласында өткен халықаралық «Adriatic Pearl» атты бокстан Әлем кубогі турниріне Дулати университетінің 1-курс студенті Қалабай Ақжүрек қатысып, I орынға ие болды.



Турнирге әлемнің тәжірибелі спортшылары қатысып, бақтарын сынады. Ақжүрек Еркебекұлы барлық қарсыластарына қарсы табандылық пен шеберлігін көрсете отырып, финалдық кездесуде басымдық танытты.

Жарыс нәтижесінде ол ел намысын биікке көтеріп, халықаралық аренада Қазақстанның мәртебесін нығайтты.

Ақжүрек Еркебекұлына алдағы жарыстарда да табыс тілейміз, еліміздің атын әлемдік аренада биікке шығаруыңызға сеніміміз мол!

ДУЛАТИ СТУДЕНТІ АЛТЫН
ЖҮЛДЕГЕ ИЕ БОЛДЫ

2026 жылғы 30 қаңтар мен 4 ақпан аралығында Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында қол күрестен Әлем кубогы өткен болатын.

Аталған халықаралық жарыста Дулати университетінің 6B01410 - «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті Омар Әбдіқапар I-орын иегері атанды.

Әлемнің бірнеше елінен келген тәжірибелі спортшылар қатысқан жарыста Омар Әбдіқапар жоғары шеберлік танытып, барлық қарсыластарын жеңіп, алтын жүлдені қанжығасына байлады.

ДУЛАТИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
МАМАНДАРЫ ҚАЗАҚСТАН
ЧЕМПИОНАТЫНДА ТОП ЖАРДЫ

2026 жылдың 6-7 наурыз күндері Қарағанды қаласында Пара тазквондодан Қазақстан Республикасының 2026 жылғы чемпионаты өтті.



Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған спортшылар бақ сынаған байрақты бәсекеде Әлеуметтік жұмыс басқармасының Инклюзивті білім беру орталығының мамандары жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Атап айтқанда, Аружан Доктырбаева Р34 санатында бақ сынап, I орын иеленіп, Қазақстан чемпионы атанды. Ал, Әсел Мұсаева осы санатта II орын алып, күміс жүлдегер атанды.

Айта кету керек, Әсел Қайбуллақызы пара спорттың бірнеше түрімен белсенді түрде айналысады. Ол пара арбадағы спорт биі, ұлттық тоғызқұмалақ және пара таеквондо бойынша тұрақты жаттығып, түрлі жарыстарда университет намысын қорғап келеді.

Жүлдегерлерді жеңістерімен құттықтаймыз! Алдағы жарыстарда да жоғары жетістіктерге жетіп, ел намысын абыроймен қорғап, жаңа жеңістерге жете берулеріне тілектеспіз.

XV ФУТЗАЛ
ЧЕМПИОНАТЫНДА
ДУЛАТИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
КОМАНДАСЫ ЖЕҢІСКЕ
ЖЕТТІ

Жамбыл облысының әуесқойлар арасындағы футболдан өткен XV чемпионатында М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің құрамасы бас жүлдені жеңіп алды.

Турнирдің нәтижесі бойынша университет командасы чемпион атанды.

Сонымен қатар, жарыстың жарқын жұлдызы «Дене шынықтыру» кафедрасының меңгерушісі Жамбыл Бекназаров «Үздік сұр мерген» атағына ие болды.

Аталған жеңістер командалық рухтың, табандылықтың және спорттық мінездің жемісі болып саналады.

Жеңімпаздарды құттықтаймыз! Алдағы уақытта да талағай табыс пен биік белестер тілейміз!

ДУЛАТИ СТУДЕНТІ
РИМДЕГІ ПРЕМЬЕР-ЛИГАДА
ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕ ИЕ БОЛДЫ

Үстіміздегі жылдың 12-16 наурыз аралығында Италия мемлекеті Рим қаласында қаратәден (WKF) өткен бүкіл әлемдік рейтингілік халықаралық Премьер-лига турнирінде Дулати университетінің 1-курс студенті Мирас Әбдіқадыр қола жүлдеге ие болды.

Спортшы 60 кило салмақ дәрежесінде бақ сынап, жарыс қорытындысы бойынша 3-орынды иеленді. Қола медаль үшін өткен шешуші кездесуде ол Түркиялық қаратәші Бурак Өздемирден 4:3 есебімен басым түсті.

Айта кетейік, ересектер арасындағы халықаралық жарыстарға жақында ғана қосылған Мирас бұл турнирде жоғары деңгейдегі шеберлігін көрсете білді.

Римдегі Премьер-лига турнирінде 66 мемлекеттен 384 спортшы бақ сынады. Келесі Премьер-лига кезеңі сәуір айында Қытайда өтеді.

Жалпыкомандалық есепте Қазақстан құрамасы 1 алтын, 1 күміс және 1 қола медаль жеңіп алып, 3-орынға тұрақтады.

Мирас Әбдіқадырды және оның бапкерлерін жарқын жеңісімен құттықтаймыз! Алдағы жарыстарда да биік белестерді бағындырып, ел абыройын асқақтата беруіне тілектеспіз!